Ашық сабақтарға кафедра менгерушілері мен оқытушылары қатысып, сабақта қолданылған әдіс-тәлілдерге, олардың тиімділігіне, сабаққа білім алушылардың белсенді қатысуы мен оқытушының білім алушылармен қарым-қатынасына талдау жасады. Ашық сабақтардың талдамасы хаттамада көрсетілді.

Жалпы, кафедраларда оқытушы-профессорларының лекциялық, практикалық, семинар сабақтары жоғары оқу орнының талаптарына сай өткізілді. Жалпы, кафедраларда оқытушы-профессорларының лекциялық, практикалық және семинар сабақтары жоғары оқу орындарының талаптарына сай өтілді.

2022-2023 оқу жылында өткізілген ашық сабақтар туралы мәлімет төмендегі тіркемеде көрсетілген.

2022-2023 оқу жылында өткізілген ашық сабақтар туралы мәлімет

Кафедра	ББ шифрі	өткізілген ашық сабақтардың түрі мен формалары бойынша саны											Ашық сабақтардың жалпы саны	
		Лекциялар саны			Практикалық сабақтар саны			Семинар сабақтарының саны			Зертханалық сабақтар саны			
		Қазақ	орыс	ағылшын	Қазақ	орыс	ағылшын	қазақ	орыс	ағылшын	қазақ	орыс		Ағылшын
Тарих және педагогика факультеті														
Мектепке дейінгі және арнайы	6В01201				2									2

педагогика														
Бастауышта оқыту әдістемесі	6B01301	1	1		4			2						8
Педагогика	6B015050 6B016010 6B01801	2						3						5
	7M150400							1						1
Психология	6B01101 6B01901	1			5									6
Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	6B01402- 6B01301-	2						2						4
Әлем тарихы және дінтану	6B01601- 6B01602-													
Тарих және педагогика факультеті бойынша		6	1		11			8						26
Ағылшын тілі	6B01703-							5						5
Орыс тілі мен әдебиеті	6B01702		1				3							4
Шетел тілдері	Барлық педагогикалық ББ							6						6
Қазақ тілі мен әдебиеті	6B01701	1	-	-	1	-	-							2
Факультет бойынша		1	1		1	3	11							17
Музыкалық білім	6B01403				6									10
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	6B02101-				4									4
Факультет бойынша					10									10
Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі	6B01402-	-	-	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	1
Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі	7M01402-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	6B01401-				1									1
Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	Барлық педагогикалық ББ				3									3
Факультет бойынша					5									5

Математика	6B0150	1			3			1					5
Физика	6B01502	2			1								3
Информатика	6B01503-	3						1					4
Факультет бойынша		6			4			2					12
Химия	6B01504- 6B05101-		1		2	1		2					6
Биология	6B05101	1			1								2
География	6B01506	2											

3.4 Факультет, кафедралардағы ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік семинарлардың жұмысы

Факультет құрамындағы кафедралар 2022-2023 оқу жылында ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік семинарды өткізу жоспарын кафедра мәжілісінде талқылап, жұмыс жоспары бекітілген. Ғылыми-әдістемелік семинардың өткізілуі жоспарға сәйкес жүргізілді және өткізілуі туралы құжаттар жинақталған. Семинарда тақырыптарға сәйкес баяндамалар талқыланып, оқу үдерісіне енгізуге қажетті ұсыныстар болса, оны әрі қарай жан-жақты жұмыс берушілермен бірге терен талқылаудан өткізілді.

Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасының оқытушылары 2022 жылғы 16 қараша күні «Жоба қорғаудағы ерекшеліктер мен бағалау критерийлері» тақырыбында семинар ұйымдастырды.

2023 жылдың 07 сәуір күні «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделін жүзеге асыруда әлеуметтік серіктестік» тақырыбында ұйымдастырылған семинар болды. Кафедра оқытушылары, Мектепке дейінгі дамыту орталығының директоры, «Step by Step» Қоғамдық қорының директоры, №34 «Ақжелкен» балабақшасының психологі, №21 «Ертарғын» балабақшасының әдіскері, Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасының магистранттары және білімалушылар қатысуларымен өтті.

2023 жылғы 17 сәуір күні «6B01201 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы мен 6B01901 «Арнайы педагогика (Логопед)» білім беру бағдарламаларының өзекті мәселелері» тақырыбында ұйымдастырылған оқу-әдістемелік семинар өткізді. Кафедра оқытушылары, факультет деканы, Мектепке дейінгі дамыту орталығының директоры, «Step by Step» Қоғамдық қорының директоры, №30 «Алпамыс» бөбекжай бақшасының меңгерушісі, №69 «Еркебұлан» бөбекжай бақшасының әдіскері, ЖМ «Қос Ана» бөбекжай-бақшасының әдіскері, «Алдияр» бөбекжай-бақшасының құрылтайшы-меңгерушісі, №98 «Мерей» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі, Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасының магистранттары және білімалушылар қатысуларымен өтті.

Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы. Кафедра аға оқытушысы Мантаева Т.С. «Мәдени Мұра бағдарламасының аясында мәдениеттану пәнін өткізудің жолдары» тақырыбында баяндама жасады. Білім алушының ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастырудың маңызды тұстары баяндалды. Қазіргі уақытта болып жатқан түрлі жағдайларда білім алушының интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытуға өте тиімді.

Кафедраның доценті Өтен Г.Ж. «Қазақстан тарихы сабағында ҚР президентінің Жолдауын білім алушыларға түсіндірудің әдістемелік тәсілдері» тақырыбында баяндама жасады. Білім алушылар ҚР президентінің Жолдауымен танысу арқылы Қазақстан Республикасында білім беруді стратегиялық дамытудың негізгі бағыттары жайлы түсініктерді меңгерудегі кәсіби құзыреттіліктерін көтеруге мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ білім беру жүйесін басқаруды жетілдіру; "баршаға арналған білім, өмір бойы" принципіне көшу; барлық білім беру деңгейлерінің қол жетімділігі және сабақтастығы; нәтижеге бағдарланған толыққанды, сапалы, бәсекеге қабілетті білім беру, педагог мәртебесі туралы мағлұмат ала отырып білім беру саясаты жөніндегі ойларын толықтырады.

Психология кафедрасы. «Психология» кафедрасының әдістемелік секциясында қаралатын негізгі мәселелер: жұмыс оқу бағдарламалары, силлабустар мазмұнының сапасы,

курс және диплом жұмыстары тақырыптарының өзектілігі, педагогикалық іс-тәжірибені өткізуді ұйымдастыру, өзара сабаққа қатысу мен ашық сабақ өткізу, студенттердің өз бетінше жұмыстарын ұйымдастыру, диплом жұмыстары бойынша кеңес беру, емтихан сұрақтарының мазмұны және сапасы, оқытушылардың жеке жоспарларының орындалуы, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің талаптарға сай орындалуы, лекция-семинар және ОБСӨЖ сабақтарында жана педагогикалық технологияларды қолдану мәселелері, психология және педагогика, әлеуметтік педагогика мамандығы бойынша шыққан жаңа әдебиеттерге шолу жасау.

Психология кафедрасында 2022 жылғы 28-қыркүйек күні кафедра менгерушісі А.З.Әліпбек «Қарым-қатынаста заманауи педагогикалық басқару стильдерін қолданудың ерекшеліктері» атты тақырыпта баяндама оқып, онлайн семинар өткізілді. Кафедра оқытушылары және студенттердің қатысуымен өтті. 2022 жылғы 07-қазан күні кафедраның ф.ғ.к., аға оқытушысы К.Ш.Оразимбетова «Психологическое сопровождение образовательного процесса для повышения качества образования» тақырыбында баяндама жасап, онлайн семинар өткізілді. 2022 жылғы 25-қараша күні кафедраның п.ғ.к., Сыдықов М.Е. «Жоғарғы оқу орнында білім алушыларды бағалаудың ерекшеліктері» атты оқу-әдістемелік онлайн семинар болды.

Педагогика кафедрасында 19.10.2022ж «Педагогикалық кадрларды даярлаудың қазіргі жағдайы мен даму болашағы» тақырыбында әдістемелік семинар форум түрінде өткізілді. Форумға университет басшылығы, ұжымы, қалалық білім беру мекемелерінің басшылары, мұғалімдері қатысты. 17.04.2023ж «БВ01801-Әлеуметтік педагогтарды даярлау білім беру бағдарламасының өзекті мәселелері» тақырыбында оқу-әдістемелік семинар өткізілді. Семинарға мектептердің әлеуметтік педагогтары, арнаулы мекемелердің әлеуметтік педагогтары, емхана әлеуметтік қызметкерлері, оқытушы-профессорлар, студенттер қатысты. Оқу-әдістемелік семинарға қатысушы мамандар мен студенттер, оқытушы-профессорлардың сұрақ-жауап, пікір алмасуы болды. Тақырып бойынша видеоролик көрсетіліп, талдау жасалды.

Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасында 29.09.2022 жылы Г.Досқараева «Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру», 27.10.2022 жылы Қ.Молдабек "Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияны қолданудың әдіс-тәсілдері», 24.11.2022 жылы З.Куанышбаева «Танымдық іс-әрекет мәселелері», 28.12.2022 жылы Л.Ақынова «Бастауыш сыныпта оқушылардың логикалық ойлауын дамыту» тақырыбында ғылыми әдістемелік семинар ұйымдастырды. Ғылыми-әдістемелік семинарда бастауыш сыныпта оқытудың белсенді әдіс тәсілдерін қолданудың маңыздылығы мен бастауыш сынып оқушысының танымдық ойлау қабілетін дамыту мәселелері талқыланып, ұсыныстар жасалынды. Ғылыми семинарға қатысушылар бастауыш білім беру жүйесінде танымдық іс-әрекеті қалыптастырудың маңыздылығын, білім беру үрдісінің негізгі функцияларын, танымдық іс-әрекеттің қызметін мен әдістемелік жұмыстарды жандандыру жұмыстарын ұйымдастырудың қажеттілігі анықталды. Кафедраның аға оқытушысы п.ғ.к. З.Б.Куанышбаева Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде 24 қараша күні «Көпденгейлі кәсіби білім беру жағдайында «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім бағдарламаларын дайындаудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы республикалық әдістемелік семинарда «Болашақ кәсіби маманның құзыреттілігін қалыптастыруда білім беру бағдарламалары мазмұнындағы жаңа бағыттар» тақырыбында баяндама жасады. Сонымен бірге, Түркістан облысы, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі 15 қарашада ұйымдастырған «Ахмет Байтұрсынов – ұлтымыздың ұлы ұстазы» атты аудандық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамытуда А.Байтұрсынов шығармаларын қолдану» тақырыбында баяндама жасады. 19 қазан күні «Педагогикалық кадрларды даярлаудың қазіргі жағдайы мен дамуы мен болашағы» атты қалалық форумда З.Куанышбаева «Кәсіби маман даярлаудағы білім беру бағдарламалары мен нәтижеге бағытталған жұмыстың мазмұны» тақырыбында баяндама жасады. 27 қаңтар күні «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту «Қысқы

мектеп-2023» оқу-әдістемелік семинарында аға оқытушы З.Куанышбаева педагогикалық практика бойынша тәжірибемен бөлісу бойынша баяндама жасады. 12 маусым күні Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұйымдастырылуымен өтілген "Педагогикалық кадрларды даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын жобалаудың өзектілігі» тақырыбындағы республикалық онлайн отырысында кафедраның аға оқытушысы З.Б.Куанышбаева «Білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асыруда оқу-әдістемелік қызметті ұйымдастыру» тақырыбында баяндама жасады. 12 сәуір күні қалалық білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу бойынша апталықта «Бастауыш сыныпта білім сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру» тақырыбына іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс шарада «Бастауыш сыныпта білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру» тақырыбында диалог алаңы ұйымдастырылды. Аталмыш іс-шараға қалалық білім департаментіне қарасты №10 Ақпан Батыр жом, Д.Менделеев атындағы №15 мектеп лицейі, №1 А.Пушкин атындағы мектеп гимназиясы, №7 Қ.Спатаев атындағы мектеп лицейі т.б. жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптың бірлестік жетекшілері мен әдіскерлері, мұғалімдері қатысты. Диалог алаңында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы білім беру бағдарлама мазмұнындағы оқу пәндері мен оқыту әдістері, білім сапасын арттыруда мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыруда әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру жұмыстары талқыланды.

Әлем тарихы және дінтану кафедрасы бірінші әдістемелік семинары 12 қараша күні өткізілді. Әдістемелік семинарға кафедраның барлық мүшелері толық қатысты. Т.ғ.к., аға оқытушы Г.Ж. Орынбасарованың «Тарихи білім беру бағдарламасында электрондық оқыту жүйесін қолдану әдістері» баяндамасы тыңдалды. Семинардың мақсаты: тарихи білім бағдарламасында электрондық оқыту жүйесінің әдістерін қолдану ерекшеліктерін көрсету. Баяндамашы сұрақ-жауап әдістемесі негізінде электрондық оқыту жүйесіне қойылатын талаптармен, оның кәдімгі кітаптан айырмашылығымен, электрондық форматқа өту ерекшелігімен, сараптамалық талаптардың орындалуымен, қолданатын әдіс-тәсілдерімен таныстырып өтті. Интернет ресурстарын іздеу және жүйелеу дағдыларын қалыптастыру, цифрлық технологияларды тарихи деректер базасын құру, видеоматериалды дайындау, бейне дәрістерді түрлі үлгілер мен форматта жасау, блогер материалдарын жүйелеу және саралауда цифрлық әдістерді қолдану. Тарихи карталарды жүйелеу, анықтамалық аппараттың базасын құру, тарихи-географиялық ашық ресурсты қалыптастыру, шетел кітапханалардың аналитикалық каталогтарының тарихи деректердің түрлі нұсқауларын жүйелеу жұмыстарын атқару. Белгіленген жұмысқа ПОҚ мен жоғарғы кур студенттерін тарихтың түрлі салалары бойынша тарту, деректанулық базасын қалыптастыру. 14 желтоқсан күні екінші әдістемелік семинарда PhD М.К. Алдабергенованың «Концептуальные основы педагогического образования» баяндамасы тыңдалды. Семинардың мақсаты: педагогикалық білімнің концептуалдық негіздерін айқандау. Баяндамашы білім беру сатыларының сабақтастығын камтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы, ақпараттануы, оқушыларды кәсіптік бағдарлау, білім беруді саралау, ізгілендіру, гуманитарландыру және т.т. – білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне көп назар аударады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ғылым және ғылыми-техникалық саясат тұжырымдамасында да ғылымды демократияландыру, интеграциялау, инновациялық процестің білім, ғылым саласында кең өріс алуы да атап көрсетілгендігін атап анықтайды. 28 ақпан күні т.ғ.к. Б.С. Айтай «Түркістан облысы мемлекеттік архивіндегі 1929-1931 жж. шаруаларды күштеу ұжымдастыруға қатысты құжаттарды оқу үрдісіне қолдану» тақырыбында семинар өткізді. 23 наурыз күні доцент, т.ғ.к. М.Н. Алдаберген «Орта ғасыр тарихы пәнін оқытудағы тарихи уақыт концепциясы» тақырыбында әдістемелік семинар өткізді. Семинар тақырыбының ең маңызды тұсы сарапқа түсетін педагогикалық білімнің концептуальды негіздері қазіргі заманға сай өзектілігінің болуы да тақырыптың аталуы

проблеманы, ізденіс пәнін, әсіресе бағытын, ізденістің жетекші аспектісін білдіретіндігін ерекше атап өтеді.

Филология факультетінде 2022 жылдың қараша айында, Шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к. Л.К.Қарабаеваның ұйымдастырумен Халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн семинар ұйымдастырылды. Семинар тақырыбы: “Digital learning: the 21 century skill for teachers and students”. Бұл семинарға қатысушылар: University of Pittsburgh, Пенсильвания штаты, АҚШ; Л.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті, Қазақстан, Астана; Хаджы Байрам Велин Анкара университеті, Түркия; М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Қазақстан, Шымкент; Нүкіс Мемлекеттік Педагогикалық Университеті. Семинар басқа елдердегі оқу орындарының білім беру бағыттарымен, ерекшеліктерімен танысуға, бөлісуге бағытталған. Аталған семинар үш тілде жүргізілді. Семинар қатысушылары өз университеттерімен қысқаша таныстырды, өз ойларымен, тәжірибелерімен бөлісті. Ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн семинар өте жоғары деңгейде өтті.

Өнер және білім факультетінің музыка білім кафедрасында 2022-2023 оқу жылының басында *Қазан айында* аға оқытушы Сырайлова Р.Т. «Күй өнерін дәріптеген кейбір ақын жазушылардың ой-пікірлері» атты тақырыпта баяндама жасады. *Желтоқсан айында* ҚР мәдениет саласының үздігі, магистр, аға оқытушы Арыстанова Ш.С. «Домбыра аспабында ойнаудың әдіс-тәсілдері» атты тақырыпта баяндама жасады. *Қаңтар айында* ҚР Мәдениет саласының үздігі, магистр, аға оқытушы Байбатшаева С.З. «Домбыра аспабын орындауда оқушының шеберлігін арттыру» атты тақырыпта баяндама жасады. *Наурыз айында* ҚР Мәдениет саласының үздігі, магистр, аға оқытушы Байбатырова У.А. «Жеке эстрада әншілерінің дауыс темборларының әдіс тәсілдерін үйрету» атты тақырыпта баяндама жасады. *Мамыр айында* ҚР Мәдениет саласының үздігі, магистр, аға оқытушы Смаилова М.С. «Болашақ музыка мамандарның жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту жолдары» атты тақырыпта баяндама жасады.

«Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасы бойынша *Қазан айында* кафедраның профессоры п.ғ.к. А.С.Узахова «Жоғарғы мектеп оқушысының кәсіби күзиреттілігі» тақырыбына баяндама жасады. *Қаңтар айында* п.ғ.к., доцент м.а. Пошаев Д.Қ. «Қазақстандағы білім беру жүйесін дамытудың негізгі үрдістері» тақырыбында баяндама жасады. *Наурыз айында* «Көркем еңбек сабағында оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» тақырыбында п.ғ.д., профессор Д.А.Кемешев баяндама жасады.

Дене шынықтыру және спорт факультеті бойынша 2022-2023 оқу жылының басында ғылыми-әдістемелік семинар жұмыстарының жоспары бекітілді. Ғылыми-әдістемелік семинардың өткізілуі жоспарға сәйкес жүргізілуде және өткізілуі туралы құжаттар жинақталған. Семинарда тақырыптарға сәйкес баяндамалар талқыланып, оқу үдерісіне енгізуге қажетті ұсыныстар болса, оны әрі қарай жан-жақты терең талқылаудан өткізіп, ұсыныспен университеттің оқу-әдістемелік кеңесіне шығу мәселелері қарастырылады.

Ғылыми-әдістемелік семинар жұмысы тұрақты ұйымдастырылады және оқытушылар түгел қатысты. Ғылыми-әдістемелік семинар жұмысының мақсаты:

- пәндердің ғылыми теориялық проблемаларын айқындап шешу;
- пәндерді оқытуда білім алушылардың оқу іс-әрекетін ғылыми ізденіске барынша жақындатудың әдістемелік мәселелерін айқындау;

Физика математика факультеті бойынша 2022 жылдың 29 қарашасында ОҚМПУ 85 жылдығына орай физика-математика факультетінің ұйымдастыруымен «МИФ сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» атты ғылыми-әдістемелік семинар өткізілді.

Семинарға қатысушылар: Шымкент қаласы білім беру ұйымдарының математика, физика және информатика пән мұғалімдері, ОҚМПУ профессор-оқытушылары мен бітіруші курс студенттері.

Семинар мақсаты: математика, физика, информатика мұғалімдерінің пәндік білім саласында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар

құрастыру және қолдану дағдыларын жетілдіру және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Семинарға жалпы білім беру ұйымдарынан 226 педагог және факультет оқытушылары, 65 студент қатысты. Бағдарламада көрсетілгендей, математика, физика және информатика секцияларында пән ерекшелігіне сай өзекті баяндамалар, презентациялар қорғалып, қызу талқыланды.

17.04-21.04.2023ж. аралығында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің бастамасымен Шымкент қалалық білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу бойынша оқу-әдістемелік апталығы ұйымдастырылып, өткізілді. Апталыққа Шымкент қаласы білім беру ұйымдарының физика, математика, информатика пән мұғалімдері, Шымкент қаласы білім басқармасы әдістемелік кабинет әдіскерлері жән университет ұстаздары, жалпы саны 205 педагог қатысты. «Жоба әдісі - заманауи білім нәтижесіне қол жеткізу тәсілі» тақырыбындағы семинарда білім берудегі жобалау тәсілдері жан-жақты қарастырылды. Семинар жұмысын университеттің физика-математика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты Альмира Байдабековна Ибашова ашып, жүргізді.

26.05.2023ж. Түркістан облысы, Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің сұраныс хаты негізінде факультеттің ұйымдастыруымен “Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру – заманауи білім нәтижесіне қол жеткізудің кепілі” тақырыбындағы ғылыми-әдістемелік практикалық конференция өтті. Мақсаты: Жоғарғы оқу орнының ғылыми қызметкерлерімен өзара тәжірибе алмаса отырып, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Конференцияға аудан мектептерінің математика, физика, информатика пән мұғалімдері қатысты.

Жаратылыстану факультетінің ұйымдастыруымен 1 қараша 2022 жылы Университетіміздің 85 жылдық мерейтойына орай «Шебер педагог - білімді, әрі саналы ұрпақ кепілі» атты семинар өткізілді. Семинарда Биология кафедрасының аға оқытушысы, а.ш.ғ.к. Есентуреева Гулмира 1505-20топ студенттерімен «Оқыту мен оқудағы белсенді әдістердің тиімділігі тақырыбында»- тренинг; Химия кафедрасының доценті, х.ғ.к. Шитыбаев Серікбек Алтынбекұлы- «Жаратылыстану пәндерін оқытудағы STEM технологиясының мүмкіндіктері» -баяндама және География кафедрасының аға оқытушысы Тасқараева Қалбибі Ахметовна – «Оқу нәтижесін анықтаудағы критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі» - тақырыбында баяндама жасады. Семинарға «Өрлеу» БАҰО» АҚ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушылары, «Экология, өлкетану және туризм орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қосымша білім беру педагогтары және Шымкент қаласы білім басқармасының Дарынды балаларға арналған №1 мамандандырылған ІТ лицей-интернатының химия пәні мұғалімдері қатысып өз ойларымен бөлісті.

25.11.2022 ж Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Жаратылыстану факультеті, Биология кафедрасының оқытушылары Н.Турабай, Абубакирова А. ұйымдастыруымен этнопедагогикалық тәрбие семинарының жетекшісі Кентау қалалық оқу департаменттің бұрынғы басшысы, жазушы, қоғам қайраткері “Жыл мұғалімі-2020”(Москва) Халықаралық байқау жүлдесінің иегері Өмірбек Сейдалы Жүсіповтың “Ата мектебі” - “ школа предков” авторлық жоба негізінде Жаратылыстану факультетінің студенттеріне “Қоршаған ортаны зерттеудегі этнопедагогика және этнопсихология” атты семинары өткізілді. Семинарда студенттер атамыздан рухани азық алып, білімдерін одан әрі шыңдай алды. Қазақ халқының даналығы мен нақыл сөздерінің мән-мағынасын толық түсінді.

19.04.23 күні Факультет деканы А.Сәулембаев, академиялық жұмысқа жауапты А.Е.Битемирова және биология кафедрасының аға оқытушысы Г.Ж.Есентурееваның ұйымдастыруымен Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Жаратылыстану факультетінде “Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру” тақырыбы бойынша білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасуға арналған қалалық семинар өтті. Семинарды университеттің Басқарма төрағасы-Ректор Сүгірбаева Гулжан

Даулетбековна ашты. Семинарға «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша Кәсіби Даму Институтының филиал директоры Искакова Лаура Турлыбековна қатысып баяндама жасады. Семинардың қатысушылары: жаратылыстану факультетінің оқытушылары мен 3-4 курс студенттері.

“Оқу мен оқытуды зерттеу тәсілдері” тақырыбында Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушысы Естемирова Алия Махатовна баяндама жасады. “Оқыту үдерсінде белсенді әдістерді қолдану” тақырыбында Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша кәсіби даму институтының аға оқытушылары: Айдосова Айгуль Ерубаетна, Танирбергена Айгерим Серикбаевна, Байбақ Бибіхан Оңғарқызы баяндама жасады. Сондай-ақ 2023-2024 оқу жылы үшін білім беру бағдарламалары талданды.

**2022-2023 оқу жылында кафедраларда әдістемелік семинар өткізген
ның сандық және сапалық құрамы**

ОПҚ-

	Әдістемелік семинар өткізген ОПҚ-ның сапалық құрамы	әдістемелік семинар өткізген ОПҚ-ның сандық құрамы						Барлығы
	Факультеттер	Жаратылыстану	Өнер және білім	Денсаулық сақтау және спорт	Филология	Физика-математика	Тарих және педагогика	
1	Ғылым докторы, профессор				6	1	1	8
2	Ғылым кандидаттары, доцент	4	3	2	21	6	17	53
3	PhD доктор				1			1
5	Аға оқытушы		5	2	4	3	6	20
6	Оқытушы	1		2	2	3	2	10
7	Кафедра меңгерушісі	1			1	1		3
8	Декан					1		1
	Барлығы	6	8	6	35	15	26	96

«Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» «Қысқы мектеп-2023» оқу әдістемелік семинарының бағдарламасына сәйкес 27.01.2023 ОҚМПУ бас ғимараты 236,234-аудиторияларда және ZOOM арқылы баяндамашылар түрлі өзекті тақырыптарда баяндама жасады. 1- баяндаманы ОҚМПУ Академиялық істер департаментінің директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты Бердалиев Даулетбай Турдалиевич «Бағалау саясаты: формалары мен жүйелері» тақырыбында жасады, осы тақырып аясында математика кафедрасының аға оқытушысы Егембергена Маржан Ыбырайханқызы өз тәжірибемен бөлісті. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау түрлеріне тоқталып, мысалдармен нақтылап, тыңдаушыларға құнды мәліметтер берді.

2- баяндаманы кәсіптік практика бөлімінің басшысы, PhD Коразбекова Карлығаш Усипханқызы «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен дуальды оқытудың тиімділігін арттыру» тақырыбында жасады, аталған тақырып аясында Куанышбаева Зауре Бекеновна, Тастанова Роза Сыртаевна, Елжанова Гульфаруз Абдирасиловна, Усипбекова Айжан Суттибек, Махмутова Кулсара Исахановна өз тәжірибелерімен бөлісті. Кәсіптік практикаға арналған тапсырмалар түрлерімен таныстырып, орындау жолдарын түсіндірді.

3- баяндаманы информатика кафедрасының меңгерушісі, тех.ғ.к. Сулейменова Лаура Аскарбековна «Жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу» тақырыбында онлайн курстардың видеолекцияларын әзірлеу бойынша өз тәжірибесімен бөлісті. Видеолекция жасауға қойылатын талаптарға тоқталып, онлайн курс жасау ерекшеліктерімен таныстырды. Онлайн курстардың ресурстарын дайындау және оны оқу процесінде қолдану мүмкіндіктерін атап өтті. Оқытушы профессорлар үшін білім берудің озық технологияларын қамтыған сапалы, құнды баяндама болды.

4- баяндаманы ОҚМПУ Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, PhD Кудышева Айнаш Амангельдыевна «Нормативтік құқықтық актілердегі (НҚА) өзгерістер туралы» және «Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша тәуекел дәрежесін бағалау» тақырыптарында жасап, құнды мәліметтермен бөлісті. Ұсыныстар берді

5- баяндаманы ОҚМПУ Академиялық істер департаментінің директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты Бердалиев Даулетбай Турдалиевич «Академиялық адалдық саясаты» тақырыбында жасады. Баяндама барысында оқытушылар көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап ала алды. Семинарға университет оқытушы-профессор құрамы, докторанттар мен магистранттар қатысты.

3.5 Профессор-оқытушылар құрамының оқу-әдістемелік жұмыстарының көрсеткіші (оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулар, силлабус – оқу кешендері, зертханалық, практикалық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары)

Оқытушы-профессор-құрамымен оқулық, оқу құралы, оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулар, силлабус, оқу кешені, лабораториялық, практикалық жұмыстардың, курстық және диплом жұмыстарын жазудың әдістемелік нұсқаулары, кәсіптік практиканың бағдарламалары дайындалды.

Жоспар бойынша дайындалған оқу-құралдары мен оқу-әдістемелік құралдар факультеттің әдістемелік отырысында қаралып, университеттің академиялық кеңесіне ұсынылды. Академиялық кеңес шешімімен баспаға ұсынылды. Нәтижесі төмендегі тіркемде көрсетілген.

2022-2023 оқу жылында оқытушы-профессорлар құрамының оқу және оқу-әдістемелік құралдарының баспадан шығарылуы туралы мәлімет

Кафедра атауы	Орындалуы	Оқулықтар/ альбом	Оқу құралдары	Оқу-әдістемелік құралдары	Зертханалық, практи., сем., СӨЖ, КЖ (КЖ), ДЖ (ДЖ) бойынша, магистрлік/докторлық диссертациялар орындауға әдістемелік нұсқаулықтар,
1	2	3	4	5	6
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика	Жоспарланған		4	2	1
	Орындалған		3 1	-	1
Бастауышта оқыту әдістемесі	Жоспарланған		1	1	1
	Орындалған Жоспардан тыс		1	1 1	1
Педагогика кафедрасы	Жоспарланған		3	2	4
	Орындалған		3	2	4
Психология	Жоспарланған	-	3	5	29
	Орындалған	-	1	-	29
Қазақстан тарихы және қоғамдық	Жоспарланған	-	3	3	-
	Орындалған	-	3	2	-
Әлем тарихы және дінтану кафедрасы	Жоспарланған		2	2	-
	Орындалған		-	-	-

Факультет бойынша барлығы	Жоспарланған	-	16	15	35
	Орындалған Жоспардан тыс	-	11 1	5 1	35
Ағылшын тілі	Жоспарланған		5		2
	Орындалған		5		2
Орыс тілі мен әдебиеті	Жоспарланған	-	1	2	2
	Орындалған	-	2	2	2
Шетел тілдері	Жоспарланған		3		
	Орындалған		3		
Қазақ тілі мен әдебиеті	Жоспарланған		3	4	
	Орындалған		3	4	
Факультет бойынша	Жоспарланған		12	6	4
	Орындалған		13	6	4
«Музыкалық білім»	Жоспарланған	-	3	1	-
	Орындалған	-	2	1	1 жоспар. тыс
«Кәсіптік»	Жоспарланған	/1	5	-	
	Орындалған	/1	5	-	3 жоспар. тыс
Факультет бойынша	Жоспарланған	/1	8	1	
	Орындалған	/1	7	1	4 жоспар. тыс
Бастапқы	Жоспарланған		1	1	-
	Орындалған		-	-	-
Дене	Жоспарланған		1	1	-
	Орындалған		-	-	-
Факультет	Жоспарланған		2	2	
	Орындалған		-	-	
Математика	Жоспарланған	-	3	3	-
	Орындалған	-	1	2	-
Физика	Жоспарланған		3	1	
	Орындалған		1	1	
Информатика	Жоспарланған	-	6	4	2
	Орындалған	-	3	3	2
Факультет бойынша	Жоспарланған	-	12	8	2
	Орындалған	-	5	6	2
Химия	Жоспарланған	-	7		
	Орындалған		3		
Биология	Жоспарланған		4		
	Орындалған		4		
География	Жоспарланған	1	5	1	
	Орындалған	1	3	1	
Факультет бойынша	Жоспарланған	1	16	1	
	Орындалған	1	10	2	
Университет бойынша	Жоспарланған	4	70	37	41
	Орындалған	4	46	19	41

№	Баспадан шығарылған жұмыстар атауы	баспадан шығарылған жұмыстар түрі, б.т.	Автор/құрастырушы ТАӘ
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасы кафедрасы			
1	Мектеп жасына дейінгі балаларға әдебиеттік білім беру	Оқу құралы 114 бет	Танабаева Г.Т.
2	Майлықожа шығармалары	Оқу құралы 348 бет	Керімбаева З.К.
3	Литературное образование дошкольников	Оқу құралы 92 бет	Баймусаева Б.Ш.
4	Культура речи	Оқу құралы. 136 бет	Баймусаева Б.Ш.
Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы			
1	Ақпараттық қоғам: мұғалімнің кәсіби бейнесі	Оқу құралы 84 бет	Тілеуова С.С. Нұрсейітова Л.О.
2	Жобалау технологиясын бастауыш мектепте пайдалану	Оқу құралы 100 бет	Кенжебекова Р.И. Досқараева Г.М.
3	Қазақ тілі	Оқу-әдістемелік құралы. 108 бет	Уристенбекова Г.К.
4	Қазіргі қазақ тілі	Ә.О.Қ.	Байымбетова Ж.А.
Педагогика кафедрасы			
1	Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар	Оқу құралы 192 бет	Арзымбетова Ш.Ж. Тоқтасынова А.Ғ.
2	Педагогика и теория и методика воспитательной работы	Оқу құралы 136 бет	Қуатова Ж.Ж. Махмудова С.Л. Шарапова Н.М.
3	Педагогика және тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Оқу құралы 140 бет	Қуатова Ж.Ж. Махмудова Г.И.
4	Жалпы және әлеуметтік педагогика тарихы	Оқу-әдістемелік құрал 96 бет	Өбішева Л.П.
5	Отбасылық көмек көрсету орталықтарындағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	Оқу-әдістемелік құрал 104 бет	Ортаева А.С.
Психология кафедрасы			
1	Басқару психологиясы	Оқу құралы 150 бет	Әліпбек А.З.
2	Психология	Оқу-әдістемелік құрал 168 бет	Қойшнев Қ.Е. Сейдаева А.Н.
Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы			
1	Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынас тарихы	Оқу құралы 120 бет	Найманбаев Б.Р.
2	История взаимодействия Республики Казахстан с международными организациями	Оқу құралы 112 бет	Найманбаев Б.Р.
3	History of interaction between the Republic of Kazakhstan and international organizations	Study guide – Shymkent, 2022. – 112 pages.	Найманбаев Б.Р.
4	Мәдениеттану	Оқу-әдістемелік құрал 96 бет	Насурлаева Г.О.
5	История Казахстана	Оқу құралы 168 бет	Ағұлықова Ұ.А.

6	Мәдениеттану	Э.О.Қ.	Бегдаулетова Қ.Д. Мантаева Т.С.
Ағылшын тілі әдебиеті кафедрасы			
1	Science Research writing for non-native speakers at English	Оқу құралы 112 бет	Дүйсенова М.М.
2	Профессионально-ориентированный иностранный язык	Оқу құралы 88 бет	Рахимғалиева Ж.Б. Балқыбекова С. Ж.
3	English for specific purposes (Third year)	Оқу құралы 104 бет	Сапарбекова И.У.
4	Teaching aid for the 1st year students on the discipline grammar with exercises in oral and written speech	Оқу құралы 120 бет	Суюндықов А. А.
5	Studiengang Sprachwissenschaften modern Methoden für zweite Fremdsprache(B2)	Оқу құралы 104 бет	Халмирзаев Э.Э.
Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы			
6	Литература стран Востока. Практикум	Оқу - әдістемелік құралы 96 бет	Маханова Г.Б.
7	Практикум по развитию навыков академического письма	Оқу құралы 164 бет	Нарожная В.Д. Кадеева М. И.
8	Тексты и задания практических занятий по истории русской литературы XX века	Оқу - әдістемелік құралы 96 бет	Абдыханов У.К.
9	Лексикология. Лексикография. Фразеология	Оқу құралы 100 бет	Сандыбаева Н.А. Орынбетова Э.А.
Шетел тілдері			
10	English for Musicians	Оқу құралы 110 бет	Дилдабекова А.К.
11	Practical English	Оқу құралы 200 бет	Тайтелиева М.А. Қасымбекова Л.Ш.
12	Physics by Bloom's Taxonomy	Оқу- әдістемелік құралы 140 бет	Княсова К.К. Аманбаев С.П. Исахов Д.Н.
Қазақ тілі мен әдебиеті			
13	Е.Ысмайылов және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы мәселелері	Оқу-әдістемелік құрал 116 бет	Нұрпейісов Н.Ж.
14	Әдебиеттануға кіріспе	Оқу-әдістемелік құрал 148 бет	Сапарбаева Қ.Ж.
15	Тіл біліміне кіріспе	Оқу құралы 128 бет	Қайырбекова Ұ.Ж.
16	Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	Оқу-әдістемелік құрал 112 бет	Құрбанов А.Г. Үкібасова Қ.А.
17	Ғылыми мәтіннің лингвистикасы	Оқу құралы 116 бет	Мыңбаева А.П.
18	Тіл мәдениеті және сөйлеу мәдениеті: элективті курсы	Әдістемелік-оқу құрал 80 бет	Сапарбаева Қ.Ж. Сұлейменов С.А. Арапова А.А.
«Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасы			
1	Дәстүрлі және заманауи-ұлттық өнердегі экодизайн эволюциясы	Оқу құралы 135бет	Сманова А.С Бекболатова Қ.М. Небесаева Ж.О.
2	Ауылшаруашылық өнбегі	Э.О.Қ.	Маханов Т.Ш.
3	Ауылшаруашылық жұмыстары	Оқу құралы 236 бет	Маханов Т.Ш.
4	Ою өрнек арқылы жас ұрпақты көркем шығармашылыққа бейімдеу.	Оқу құралы (80 бет)	Небесаева Ж.О. Ерназарова Ж.А.
5	Текемет басу өнері	Оқу құралы 84 бет	Жолдасбекова Г.Д. Джунисбекова М.А.
6	Оқушылардың экологиялық білім мазмұны мен қалыптастыру технологиясы	Оқу құралы 92 бет	Пошаев Д.Қ. Орынбек Н.
7	Бейнелеу өнер туындыларының інжу-маржандары	Оқу құралы 95 бет	Кемешев Д.А.
«Музыкалық білім» кафедрасы			
8	Аспаптық жұмыс (қыл қобыз)	Оқу құралы 88 бет	Қарсыбаева А.М. Лес М.К.
9	Домбыраға арналған шығармалар	Оқу құралы 96 бет	Досбағанбетова А.Т.
Физика-математика факультеті			
1	Компьютер архитектурасы және операциялық жүйелер	Оқу – әдістемелік құралы 180 бет	Сәрсенбиева Н.Ф., Орал Ә
2	Компьютерлік графика мен дизайн негіздері	Оқу құралы 124 бет	Қалдарова Б.С., Алиева А.О.

3	Мектепте робот техникасын оқыту әдістемесі	Оқу құралы 180 бет	Алдешов С.Е., Жақыпбекова Г.Т., Сабырханова Г.Ш.
4	Мобильді қосымшаларды программалау: Java	Оқу құралы 80 бет	Жақыпбекова Г.Т.
5	Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу технологиясы	Оқу - әдістемелік құралы 196 бет	Нурмуханбетова Г.К., Сулейменова Л.А.
6	Элементар математикадан есептер шығару әдістемесі	Оқу құралы 170 бет	Ибрагимов Р.
8	Ғажайып сандар әлемі	Оқу - әдістемелік құралы 164 бет	Байжұманов А.
9	Дифференциалдық және интегралдық есептеулер	Оқу құралы 208 бет	Киргизбаев Ж.
10	WEB платформадағы электронды оқытудың ақпараттық білім беру ортасын әзірлеу әдістемесі	Оқу – әдістемелік құралы 88 бет	Адылбекова Э.Т., Сулейменова Л.А., Кенжеева Г.К.
11	Компьютерные системы, сети и телекоммуникация	Оқу– әдістемелік құралы 88 бет	Сәрсенбиева Н.Ф., Алимқұлова Г
12	Android studio-да android қолданбаларын әзірлеу	Оқу құралы 176 бет	Л.А. Сулейменова, Э.Т.Адылбекова, С.Е.Алдешов, Б.М.Егембердиев
13	Робототехника пәні бойынша Lego Mindstorms EV3 конструкторлары негізінде оқу әдістемесі	Оқу– әдістемелік құралы 112 бет	С.Е.Алдешов, Б.С.Қалдарова, Ә.Р.Миятбек
14	Scratch ортасында шығармашылық тапсырмалар 3-4 сыныптарға арналған жұмыс дәптері (Қазақ тілде)	Жұмыс дәптері 168 бет	Л.А.Сулейменова, Г.К.Нурмуханбетова, А.Б.Ибашова, Л.Р.Миннахмитова
15	Creative tasks in the environment Scratch 3-4 сыныптарға арналған жұмыс дәптері (Ағылшын тілде)	Жұмыс дәптері 168 бет	Л.А.Сулейменова, Г.К.Нурмуханбетова, А.Б.Ибашова, Л.Р.Миннахмитова
16	Творческие задания в среде Scratch 3-4 сыныптарға арналған жұмыс дәптері (Орыс тілде)	Жұмыс дәптері 168 бет	Л.А.Сулейменова, Г.К.Нурмуханбетова, А.Б.Ибашова, Л.Р.Миннахмитова
17	Робот техника курсына Arduino жинақтарымен оқыту	Оқу– әдістемелік құралы 136 бет	С.Е.Алдешов, Б.Н.Мырзабек
Химия кафедрасы			
1	Физикалық және коллоидты химия	Оқу құралы. ҚР БҒМ РӨӘК-нің М.Өуезов атындағы ОҚУ-і жанындағы Оқу-әдістемелік бірлестігінде қаралып, «Оқу-әдістемелік бірлестігі баспаған ұсынған» белгісімен (грифпен) баспаға ұсынылды (№2 Хаттама, 27.05.2022ж.), Шымкент: «ВіК» баспаханасы, 2023 жыл. -160 бет. 10 б.т.	Қобланова О.Н. Абдуразова П.А. Ахьинова У.С.
2	Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат	Оқу құралы 136 бет	Шертаева Н.Т. Битұрсын С.С.
3	Аналитикалық химия. Сапалық анализ курсы.	Оқу құралы 220 бет	Мәдібекова Ғ.М. Юсупова Д.Х.
4	Химиядан талапкерге көмекші құрал	Оқу құралы 244 бет	Битемирова А.Е. Абдикаюмова Н.А.
5	Органикалық химия	Э.О.Қ.	Битемирова А.Е.
Биология кафедрасы			
1	Альгология	Оқу құралы 172 бет	Байсейтова Н.М.
2	«Альгология» пәнінен зертханалық сабақтарға арналған оқу әдістемелік құрал	Оқу- әдістемелік құрал 192 бет	Байсейтова Н.М.
3	Molecular biology	Оқу құралы 68 бет	Успабаева А.А. Мамекова А.З.
4	Адам анатомиясы	Э.О.Қ.	Халикова Н.
География кафедрасы			
1	Құқықтық мемлекет: Жемқорлықсыз қоғам қалыптастырудың конституциялық – құқықтық әдістемесі. Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚР	Оқулық	Битұрсын Ғ.Ш. Исатаева Г.Б.
2	Шымкент қаласының географиясы. «Географиядан Республикалық атаулы мектеп» Алматы 2022ж	Оқу құралы	Налмишова К.Н.
3	Жоғарғы оқу орындарында және орта кәсіптік мектептерде географияны оқыту әдістемесі	Оқу құралы	Қожабекова З.Е. Турданова М.С.
4	Картография және топография негіздері	Оқу әдістемелік нұсқаулық	Тасқараева К.А. Қарабаева А.М.

3.6 Электрондық оқу басылымдарын дайындау.

2022-2023 оқу жылында кафедрадағы Білім беру бағдарламалар оқу-әдістемелік құжаттармен, оқу және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілді, ПОӘК толық әзірленіп және университеттің білім беру порталына орналастырылды.

Кафедраның оқытушы профессор құрамы 2022-2023 оқу жылында оқылатын пәндер бойынша бейне-түсірілімдер дайындады. Кафедра өздерінің «You Tube» каналдарын ашты. Барлығының атауы «ОКМРУ» деп ағылшын әріптерімен кафедра атауы жазылды.

Дайындалған бейнетүсірілімдер университетіміздің кафедралары ашқан «You Tube» каналына орналастырылды. Сілтемелері білім алушыларға қол жетімді болу үшін универ жүйесіне қойылды.

2022-2023 оқу жылында электрондық оқу басылымдарын орындау туралы мәлімет

Кафедра / Білім беру бағдарламасы (ББ)	Электрондық оқу басылымдар түрлері, саны			
	Онлайн курстар	Бейне лекциял ар	Виртуал. зертханалық жұмыстар	Электронды оқу құралдары
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасы/ 6B01201; 6B01901		1		1
Психология /6B01101		2	-	-
Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы /7M01601 –				2
Әлем тарихы және дінтану кафедрасы /6B01601; 6B01602-	-	-	-	1
Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы/ 6B01301				5
Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері/6B01404; 6B02101				1
Информатика/6B01503		1		
Физика/6B0150				1
Химия /6B01504;6B01507				2
Биология /6B01505; 6B01507				1

3.7 Оқу процесіне инновациялық педагогикалық әзірлемелерді ендіру.

Факультет құрамына қарасты кафедралар оқу үрдісіне инновациялық педагогикалық әзірлемелерді оқу үрдісіне енгізіп отырды.

Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының профессор оқытушылар құрамы оқу үрдісіне жаңашыл педагогикалық әдістемелерді ендіруде баспадан шығарылған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құрал және ғылыми зерттеу жобасындағы жаңашылдықты оқу жұмыс бағдарламасындағы (силлабус) бектілген тақырыптарға сәйкес енгізіп отырды. Атап айтсақ, PhD, аға оқытушы А.Ж.Есназардың «Пәнаралық байланыста бастауыш сынып оқушыларының ойлау мен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» атты докторлық диссертациясы ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде оқу үдерісіне 7M01301- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау» білім беру бағдарламасында оқытылатын «Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат» пәнінің лекция және практикалық сабақтарына ендірілді. Атап айтсақ, докторлық диссертациясының кіріспе бөлімі «Зерттеу тақырыбының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері» 4 аптада оқылатын лекцияға, «Зерттеу жұмысының ғылыми аппаратын түзу» 5 аптада оқылатын практикалық сабаққа, ал 3 тараудың 3.3 тараушасы «Сұхбат сапалық зерттеудің әдісі ретінде», «Деректерді талдау және интерпретациялау», «Сандық деректерді талдау» 10,13,14 аптадағы оқытылатын дәріс сабақтарына ендірілді. П.ғ.д., профессор Қ.Молдабектің жетекшілігімен

орындалған М01301 «Бастауыш педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша «Бастауыш мектепте қазақ тілін лексика-граматикалық тұрғыдан оқыту» пәнінен оқылатын ҒЗЖ нәтижелерінің ретінде п.ғ.к., профессор Р.И.Кенжебекова мен п.ғ.к. Г.Б.Таутаевалармен бірлесіп «Бастауыш мектепте қазақ тілін қатысым әдісімен оқыту» атты оқу құралының 1 тараудың 1.4 тараушасы «Қатысым әдісі арқылы мәтінді оқыту нәтижесінде тіл дамыту» 7 аптада оқылатын лекцияға, ал 2 тараудың 2.2 тараушасы «Сөз, сөйлем және мәтіндердің морфологиялық құрылымын анықтау оны оқыту ерекшеліктері» тақырыбындағы 8 аптадағы дәріс сабағына ендірілді.

П.ғ.к., профессор Р.И.Кенжебекованың жетекшілігімен орындалған 6В01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша «Математика негіздері» пәнінен оқылатын ҒЗЖ нәтижелері ретінде п.ғ.д., профессор Қ.Молдабекпен бірлесіп «Бастауыш мектепте жинақталған мәтіндік және логикалық есептерді шығарту амалдары» атты оқу құралын 13 аптада, 1 тараудың 1.14 , 1.15 тараушалары «Фигураның периметрін табуға берілген есептер», «Фигураның ауданын табуға берілген есептер» тақырыбындағы практикалық сабаққа, ал 1 тараудың 1.6 тараушасы «Тік бұрышты параллелепипедтің және текшенің көлемін табуға берілген есептер» тақырыбындағы практикалық сабақ 13 аптадағы сабаққа ендірілді.

Ж.А.Байымбетованың 6В01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша орындалған ҒЗЖ нәтижелер ретінде «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясының теориясы мен практикалық курсы» атты 131 беттен тұратын оқу құралы ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесі ретінде оқу үдерісіне «6В01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау» мамандығында оқытылатын «Қазіргі заманғы қазақ тілінің негіздері» пәнінің лекция және практикалық сабақтарына ендірілді.

ҒЗЖ нәтижелерін өндіріске ендіру актілері туралы мәліметтер төмендегі тіркемде берілген.

Инновациялық педагогикалық әзірлемелерін оқу процесіне енгізу туралы мәліметтер

№	Кафедра	Инновациялық педагогикалық жұмыс түрлері, саны				
		Оқу құралы	кейс-стади	бейнелекция	виртуальді зертханалық жұмыс	электронды оқу құралы
1	Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы	4				
2	МДТ және арнай педагогика					1
3	Педагогика				3	
4	Психология	3				
5	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	2				
6	Әлем тарихы және дінтану	2				
7	Музыкалық білім	2	-	-	-	-
8	Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері	5	-	-	-	1
9	Информатика	3				1

3.8 Жаппай ашық онлайн курстарын (ЖАОК) әзірлеу.

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университетінде 2022-2023 оқу жылының екінші семестрінде «Coursera» білім беру платформасындағы курстарды қолдану моделін қарастырылды. Университет тарапынан Coursera лицензиясын пайдалануға өтініш берген білім алушылар саны-**500**.

1 ағымдағы 500 білім алушыларымыз өздігінен Coursera халықаралық платформасында атақты шетелдік профессорлардың онлайн курстарынан (қазақ тілінде-166, орыс тілінде -35, ағылшын тілінде-434) сәтті өтті, нәтижесінде 635 сертификат алынды

Университетіміздегі білім беру бағдарламаларында оқылатын пәндерге «Coursera» білім беру платформасындағы жаппай ашық онлайн курстарын пайдалану жартылай іске асырылды. Атап айтқанда, қосымша материал ретінде (лекция материалдарына), өзіндік жұмысы ретінде, дәрістерді, практикалық және семинарлық сабақтарды ішінара сақтай отырып, пән бойынша ағымдағы аттестаттау және қорытынды бақылауда ЖАОК-ның оқу нәтижелері пайдаланылды.

Мысалыға: Python for Everybody» курсера курстар сериясы (5-курс)

Бұл курстардың мазмұны 6B01503-«Информатика мұғалімін даярлау», 6B01509-«Математика- информатика мұғалімін даярлау» бакалавриат деңгейіндегі білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушылардың «Программалау тілдері: Python» пәнінің оқу жұмыс бағдарламасының (силлабус) мазмұнына толық сәйкес келеді. Сондықтан білім алушының өзіндік жұмыс ретінде программалау тілдері пәндерінің ағымдық және қорытынды бақылау бағасы үлесінің 20% қамтиды. Ол үшін білім алушы силлабусқа сәйкесінше курсера курстарының тақырыптарын немесе курс сериясын толық өтіп, сертификатқа ие болуы керек. Білім алушылардың курсера платформасы чатында жасаған жұмыстары жайлы белсенді пікір беру немесе алу арқылы, тығыз байланыста жұмыс жасады. Пән оқытушысы білім алушылардың курсера курстарын толық және сәтті аяқтап бітуіне әрдайым ықпал жасап, қадағалап отырды. Сұрақтар туындаған жағдайда кеңес берді.

3.9 Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру

Дуальды оқыту бойынша 15 кафедра 21 білім беру бағдарламалары бойынша кафедра филиалдарымен - 12 мектеп, 2 орталықпен 17 ынтымақтастық келісім шарттар түзілді. Күзгі семестр: 12 пән, 10 ББ, 8 кафедра; Көктемгі семестр: 9 пән, 8 ББ, 7 кафедра

Тартылмаған кафедралар: География, Психология, Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі

Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру туралы мәліметтер

ББ атауы	Курсы/ семестр	Оқу тобы	Студент саны	Дуальды оқыту базасы (келісім шарт №, мерзімі)	Пән атауы	Пән оқытушысы
6B01501-Математика мұғалімін даярлау	3	1501-39 1501-29	15 14	№80 IT мектеп-лицейі (кш №1, 27.08.22ж)	Математиканы оқыту әдістемесі	Бакирова Н.К.
6B01502-Физика мұғалімін даярлау	3	1510-10 1508-10	10 13	ХБГ НЗМ (кш №2, 26.08.22ж)	Физиканы оқыту әдістемесі	Аширова С.Б.
6B01505-Биология	3/5	1505-10А	6	Қ.Сыпатаев атындағы №7 IT мектеп-лицейі	Биология оқыту әдістемесі	Аримкулова Г.

мұғалімін даярлау				(кш №3, 26.08.22ж)		
6B01901-Арнайы педагогика (логопед)	3	1201-80	4	«Өркен» тіл дамыту орталығы (кш №5, 01.11.22ж)	Олигофренопедагогика	Амирханова Г.Н
6B01901-Арнайы педагогика (логопед)	3/5 2/3	1201-80, 81	12	«Өркен» тіл дамыту орталығы (кш №6, 01.11.22ж)	ПДТ балалармен жұмыс жүргізудің психологиялық-педагогикалық технологиялары	Амирханова Г.Н
6B01901-Арнайы педагогика (логопед)	3	1901-89	11	Оналту орталығы (кш №4, 26.08.22ж)	Жеке тұлғалармен элеуметтік оналту бойынша түзету жұмыстары	Калиева П.С
6B01602-Тарих-дінтану мұғалімін даярлау 6B01601-Тарих мұғалімін даярлау	3	1601-10 1602-10	11 9	Ө.Жәнібеков атындағы №19 жалпы орта мектебі (кш №7, 26.08.22ж)	Инновациялық технологиялар және мектепте оқыту процесін ұйымдастыру және	Тастанова Р.С.
6B01602-Тарих-дінтану мұғалімін даярлау	3	1602-10	9	Ө.Жәнібеков атындағы №19 жалпы орта мектебі (кш №7, 26.08.22ж)	Мектепте оқыту мен бағалаудың жана тәсілдері	Тастанова Р.С.
6B01702-Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	3	1702-60 1702-70 1702-80	21 18 24	З.Космодемьяская атындағы №23 мектеп-лицейі (кш №8, 26.08.22ж)	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	Мусиралиева А.А.
6B01403-Музыка мұғалімін даярлау	2	1403-11к	14	Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы (кш №9, 26.08.22ж)	Музыканы оқытудың дербес әдістемесі	Байғонова А.С. / Елжанова Г.А.
					Мектептегі оқыту мен бағалаудың жана тәсілдері	Балабекова А.А. / Елжанова Г.А.
6B01401-Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау	3/5	1401-10	12	Н.Төреқұлов атындағы №62 жалпы орта мектебі (кш №10, 26.08.22ж)	Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат	Қадырбаев Ж.А.
6B01504-Химия мұғалімін даярлау 6B01507-Химия-биология мұғалімін даярлау	3/6	1504-10А	5	А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы (кш №12, 27.08.22ж)	Мектепте химияны оқыту мен бағалаудың жана тәсілдері	Шаймерденова М.
6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау	3/6	1301-30	19	З.Космодемьяская атындағы №23 мектеп-лицейі (кш №8, 26.08.22ж)	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Умиралиева А.У
6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті	3/6	1701-10, 30	24, 26	А.С.Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы	Инновациялық технологиялар және мектепте	Жамурова Г.К.

мұғалімнің даярлау				(кш №14, 27.08.22ж)	оқыту процесін ұйымдастыру	
6B01703-Шет тілі: екі шетел тілі мұғалімін даярлау	3/6	1703-11к	10	С.Нұрмахамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі (кш №19, 01.11.22ж)	Ғылыми зерттеу әдістері және академиялық хат	Абдуалиев Т.М
6B01404-Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау	1/2	1404-12к	6	№75 мектеп-гимназиясы (кш №16, 27.08.22ж)	Кілем және гобелен тоқу негіздері (қыздар)	Мадиева Д.П.
6B01801-Өлеуметтік педагогтарды даярлау	1/2	1801-12,82	14	Ө.Жолдасбеков атындағы №9 ІТ лицейі (кш №18, 01.11.22ж)	Өлеуметтік педагогика	Таңатарқызы Г.
6B01403-Музыка мұғалімін даярлау	2/4	1403-31	15	Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы (кш №9, 26.08.22ж)	Музыканы оқыту әдістемесі	Балабекова А.А. / Елжанова Г.А.
6B01901-Педагогика дошкольного обучения и воспитания	3/6 2/4	1201-80 1201-81	4+7	«Өркен» тіл дамыту орталығы (кш №20, 01.11.22ж)	Логопедические технологии	Амирханова Г.Н
	/6	120 1-80	4	«Өркен» тіл дамыту орталығы (кш №21, 01.11.22ж)	Мониторинг умений и навыков детей дошкольного возраста	

3.10 Қорытынды.

2022-2023 оқу жылында Оқытушы-профессорлар құрамы жүргізілген оқу-әдістемелік жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жұмыс жасады. Педагогикалық шығармашылық және іс-әрекеттердің өздігінен іске асыру мақсатында әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылды. Кафедраның оқу-әдістемелік жұмыстары университеттің сапа менеджмент жүйесінің талаптарына сәйкес орындалды. Ғылыми-әдістемелік семинар үздіксіз жұмыс атқарып келді. Семинар отырысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде өткізілді.

Кафедраларда профессор-оқытушылар құрамы еңбек жолында қалыптасқан, инновациялық әдістерді меңгерген жоғары деңгейдегі ұстаздар. Оқытушы-профессорлардың оқу-әдістемелік жұмыстары 2022-2023 оқу жылының оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал, пән кешені, зертханалық, практикалық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары барлығы ережеге сай дайындалды.

3.11 Ұсыныстар.

1. Шығарылатын оқулықтар мен оқу құралдарының электронды тасымалдағыштар түрін электронды оқулықтар мен оқу құралдары етіп шығаруға университеттің білікті операторлары мен жетекші кәсіби мамандарын жұмылдыру жұмыстары жоспарланса және электронды оқулықтарды дайындау бағытында арнайы курстар ұйымдастырылса;

2. Онлайн курстарының бағдарламасын әзірлеу және ұйымдастыру, электронды ресурстарды әзірлеу, оны жүктеу, бойынша арнайы біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылса;

3. ОПК-ның баспадан шығаратын оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына ISBN алу және университет баспасында тегін шығару жұмыстары қолға алынса;

4. Жалпы білім беретін орта мектептің пән оқытушыларымен әдістемелік семинарларды ұйымдастыру және өткізу іс-шарасына университет тарапынан арнайы қаржы бөлінсе;

5. Факультеттің ОПК оқу әдістемелік деңгейін көтеру және кеңес беру жұмыстары бойынша семинарлар мен тренингтер, шебер-сыныптар, арнайы курстар ұйымдастырылса;

6. Университет көлемінде (шет тілдерді аудару) аударма орталығы ашылса;
7. Республикалық деңгейде ЖАОК онлайн курстарын жасау әдістемесі жолға қойылса;
8. Кафедраларда оқытушы-профессорлардың жүргізілетін пәннің оқу-әдістемелік кешендерін талапқа сай толықтыру жұмыстары қолға алынса;
9. Оқытылатын пәндер бойынша видеолекциялар дайындау жұмыстары және университет сайтына ашық сабақтарды орналастыру жандандырылса.
10. Инновациялық педагогикалық әзірлемелерін оқу процесіне енгізу жұмыстары жандандырылса;
11. Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесінде қолдану жұмыстары жетілдірілсе;
12. Баспадан шығарылатын оқу құралдар мен оқу-әдістемелік құралдарды оқу жылына біркелкі жоспарланса, яғни оқу жылының соңғы айына қалдырмау керек.

SWOT-талдау

Strengths (күшті жақтары)	Weaknesses (әлсіз жақтары)
<ul style="list-style-type: none"> – Білім беру бағдарламасы студенттерге сапалы білім берудің барлық мәселелерін қамтуы және пән құзыреттіліктері матрицасының дұрыс жасалуы; – ОПК-ның жоспарланған және жоспардан тыс оқу және оқу-әдістемелік құралдарының орындалуы – ОПК Cursera бойынша пәндік сертификаттарға ие болу деңгейінің жоғарылауы; – Мемлекеттік кітаптар сатып алу мен ББ пәндерінің оқу әдебиеттермен қамтамасыз етілу динамикасының өсуі; – Кафедраларда оқытушы-профессорларының интербелсенді мультимедиялық құралдарды игеріп, сабақ барысында қолдануы; – Кафедрада дайындайтын ББ бойынша білім алушылар санының артуы; – ОПК-ның біліктілігін көтерудің өсу динамикасы 	<ul style="list-style-type: none"> – ОПК Cursera бойынша пәндік сертификаттар кафедра ОПК-ның толық болмауы; – Онлайн курстардың видео дәрістерінің сапасы төмен; – Жоспарланған оқу әдістемелік жұмыстарының уақытылы орындалмауы; – Жекелеген пәндер бойынша бейне сабақтар дайындау төмен; – Инновациялық педагогикалық әзірлемелерін оқу процесіне енгізу баяу жүргізілуде; – ОПК оқу құралдарын пәндер бойынша аз шығарылуы;
Opportunities (мүмкіндіктері)	Threats (қауіптер)
<ul style="list-style-type: none"> – Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыруды жетілдіру; – Cursera MOOK онлайн курстарынан сертификаттар алу; – Жұмыс берушілермен қарым-қатынасты ұлғайту түлектеріміздің жұмыспен қамтылуына септігін тигізеді; – Емтихандардың ауызша болуы болашақ педагог кадрлардың сөйлеу дағдысын қалыптастырады; 	<ul style="list-style-type: none"> – Кафедраларда көптілді топтарда арнайы сабақтарды оқытатын ағылшын тілін меңгерген оқытушы-профессорлардың жетіспеуі; – Студенттердің шет тілдерін еркін меңгермеуі оларға деген халықаралық еңбек нарығындағы сұранысты төмендетуі; – Оқытушының ЖАОК әзірлеу бойынша біліктілігін жоғарылату курсынан өткендігі туралы сертификаттары жоқ;

<ul style="list-style-type: none"> – Музыкалық аспаптарды құрал-жабдықтармен камтамасыздандарылу; – Оқу жоспарлары жыл сайын оқу үдерісіндегі өзгерістерге байланысты қайта қаралып, өзгертулер енгізілуі; – ПОӘК “Универ” жүйесіне толық жүктелуі. 	<ul style="list-style-type: none"> – Пән бойынша Жаппай ашық онлайн курстары (ЖАОК) әзірлеудің жоқтығы; – Электронды оқу құралдарының аздығы; – ифрлық білім беру ресурстарымен толық қамтылмауы.
--	--

4 Тәрбие жұмысы

4.1 Университет бойынша топтарда өткізілетін тәрбие жұмысы туралы

1. 2022-2023 оқу жылы ОҚМПУ-де тәрбие және әлеуметтік жұмыстарды жүргізу бойынша ұйымдастырушылық және жоспарлау бағыттарында атқарылған жұмыстар.

2022-2023 оқу жылының 31 тамызда ОҚМПУ-нің Тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары түзіліп, бекітілді. Тәрбие жұмыстарын жоспарлауда Ата Заң аясындағы азаматтардың құқықтарының сақталуы мен міндеттерін орындалуына, ҚР Президентінің дәстүрлі Жолдауларын түсіндіру, насихаттау, салалық министрлік тарапынан тәрбие және әлеуметтік жұмыстарға қатысты тапсырмалары мен мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бағыттарын қамтитын тәрбиелік жұмыстарды сапалы жүргізу назарда ұсталды. Сонымен қатар еліміздегі мемлекеттік, кәсіби мерекелер, тарихи тұлғалардың мерейтойлық жылдарымен қоса, білім алушылардың тұлғалық қалыптасуына қатысты ОҚМПУ Ғылыми Кеңесі шешімдерін жүзеге асыру көзделді. 2022-2023 оқу жылында ОҚМПУ-нің мерейлі 85 жылдығына орай университет көлемінде 85 іс-шара жоспарланып өткізілсе, оның басым бөлігін тәрбиелік жұмыстар құрады.

Жоспарға сай мерекелік тәрбиелік іс-шаралардың басы 30 тамыз ҚР Конституциясы күні меркесі мен 01.09.2022 ж. 1 қыркүйек – Білім күніне арналған мерекелік іс-шаралардан бастау алды. Салтанатты жиында ОҚМПУ Басқарма төрағасы-Ректор, т.ғ.к, доцент Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы барша ұстаздар мен студенттерді Білім күнімен құттықтап, арманшыл жастарға жарқын болашақтың «алтын кілті» мен сапалы өмірдің бастамасы, білім атты дархан жолдың жолдамасы ретінде «сынақ кітапшасын» тапсырды. Толығырақ (<https://www.instagram.com/p/Ch9bOT-tJSj/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>).

Аталған атаулы күндер мен ҚР Тілдер күніне арналған іс-шаралар барлық оқу топтарының тәрбие жұмыстары жоспарларына сай іс-шаралармен толықты. Олардың маңызы мен қамтылу көлемін арттыру мақсатында барлық дерлік іс-шаралар туралы ақпараттар әлеуметтік желілер мен БАҚ -да жарияланып отырды.

ЖОО тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру мен құрылымдар арасындағы жұмыс үйлесімділігін қамтамасыз мақсатында оқу жылының 1-ші қазаннан бастап университеттегі құрылымдық өзгерістерге сай «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті» құрылды. Оның құрамына жаңадан құрылған Психологиялық қолдау, Өзбекәлі Жәнібеков орталықтары мен қатар бұрыннан қызмет етіп келе жатқан Жастармен жұмыс бөлімі, Қоғамдық кәсіптер орталығы, Мәдениет бөлімі, «Тұран» спорт клубы бөлімдері енді. Аталған бөлімдердің және университеттің 6 деканатының тәрбие жұмыстарының жоспарлары жаңадан түзіліп, бекітілді. Ал оқу жылы басында бекітілген жоспарлар бойынша кешенді үйлестіру жұмыстары жүргізілді. Жаңадан құрылған бөлімдердің қызметкерлерінің

қызметтік бағыттары сапа менеджменті талаптарына сәйкес анықталып, бекітілді және таныстырылды.

Бүгінгі күні университеттегі тәрбие жұмыстарына тікелей жауапты құрылым ретінде Департаментке қарасты бөлімдердегі қызметкерлерінің жалпы штат саны – 28,5 штатты құрайды. Оның ішінде, Департамент директоры – 1 толық, Психологиялық қолдау орталығы – 3 толық, Өзбекәлі Жәнібеков орталығы – 2 толық, Мәдениет бөлімі – 4 толық, Қоғамдық кәсіптер даярлау орталығы – барлығы 10, оның 12 толық, 2-0,5 штатта, Тұран спорт клубы – 1 толық, 2-0,5 штат, Жастармен жұмыс бөлімі – 3,5 штатта. Сонымен бірге ЖОО-дағы алты факультетте деканның тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары мен топ тәлімгерлерінің (жалпы саны – 184) тәрбие жұмыстарында қосқан үлестері мол болды. Ортақ бірлескен жұмыстар арқасында 2022-2023 оқу жылында жоспарлы және жоспардан тыс тәрбиелік жұмыстарды өз деңгейінде атқарылып, олардың санымен қатар сапалық көрсеткіштерін арттыру бағытына басымдықтар берілді.

Университет басшылығы тарапынан Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің жүргізген тәрбие жұмыстарын жоғары деңгейлерде жүргізуге материалдық-техникалық, әдістемелік тұрғылардан белгілі бір деңгейлерде қолдаулар көрсетілді. Атап айтқанда, ФортеБанктің әлеуметтік қолдау жобасы аясында 1 Студенттер үйінде орналасқан COWORKING орталығы ашылды.

2022-2023 оқу жылынан бастап жаңадан құрылған Психологиялық қолдау, Өзбекәлі Жәнібеков орталықтарына, ЖОО ның – 85 жылдығы аясында ашылған «М.Шаханов», «Ұлт ұстаздары» дәрісханалары материалдық-техникалық құралдармен жабдықталды. «Шанырақ» ғимаратының фойесінде ЛЭД экран орнатылды. Студенттер алаңының қайта ішінара жаңғыруы, университеттің ұлттық нақышта безендірілген киіз үйінің жабдықталып қолданысқа берілуі және жастардың бос уақыттарда бас қосып пікір алмасуына қажетті орындардың ғимараттардың ішінде де, сыртта да жабдықталуы сияқты игілікті істер жастарды тәрбиелеу жұмыстарында маңызды рөл атқарды.

Бекітілген жоспарларға сай 2023 жылдың 1 қаңтарына алып қарағанда университеттегі жалпы саны 7406 білім алушыға, оның ішінде мемлекеттік гранттағы-3450, ақылы бөлімдегі 3956 білім алушы тәрбие жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде бакалавриат бойынша 6847 (грантта 3019, ақылыда-3828), магистратурада -520 (оның гранты-392, ақылы-128) және докторантура бойынша 39 (бәріде грант) білім алушымен тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. Олардың арасында 182 шетелдік студенттер бар (Өзбекстан Республикасы -168; Түркменстан-14). Жалпы білім алушылардың ұлттық құрамы 23 ұлтты құраса, ең көбі қазақтар - 6333, өзбектер - 842, орыстар - 59, одан соң азербайжан 32, түркмен- 20, тәжік- 16, түріктер-14 қалғандары оннан кем санды құрады. Жыл басында студенттер арасында түркілер арасында сирек кездесетін хазар ұлтынан -1 студенттің болғаны сияқты қызықты мәліметтер кездесті. Жыныстық құрамы жағынан алғанда білім алушы қыз балалар саны ер балалардан екі еседен артық.

ҚР ЖОО арасында ОҚМПУ жатақханамен студенттерді толықтай орынмен қамтыған бірден бір оқу орны. Биылғы оқу жылында жалпы жатақханалардағы орындар саны - 1421 құрады. №4 жатақханадағы 350 орынның 260 орнында өзге ЖОО студенттері орналасқан. Оқу жылы аяғына қарай тек №4, №2 жатақханалар бойынша 40 орын бос тұрды.

Аталған оқу жылында жалпы білім алушылардың оқу топтарға бөлінуі анықталған соң оларға топ тәлімгерлері бекітіліп, олардың жылдық жұмыс жаспарлары түзіліп бекітілді. Әлеуметтік көмекке мұқтаж білімгерлер саны анықталып, олардың қажеттілігіне байланысты әлеуметтік тұрғыдан көмектер көрсетілді. Оның ішінде жатақханамен қамту, әлеуметтік көмектер алу т.б. сияқты мәселелерде алғашқы кезектер қарастырылған. Факультеттер тарапынан да олардың мұқтаждықтарына үнемі назар аударылып отырды. ЖОО-да қыркүйек-қазан айларында студенттер арасында орамал тартатын немесе хиджаб киетін студенттер саны 100 санын құраса, жыл соңына дейін тиісті жүргізілген тәрбиелік насихат-түсіндіру жұмыстары, мектептердегі талаптардың нәтижесінде олардың саны артпады. Керісінше кему үрдісі байқалды.

Олардың факультеттер бойынша орындалу көрсеткіші төмендегі кестеде берілді.

р/с	Факультет бойынша	ОҚМПУ бойынша оқу топтарының жалпы саны (бакалавриат)	Оқу топтарына бекітілген топ тәлімгерлерінің жалпы саны	Студенттердің арасында әлеуметтік қолдауды қажет ететіндердің жалпы саны	Тұлжетім және жартылай жетім	Мүгедек білім алушылар саны	Орамал тартатын немесе хиджаб киетін студенттер саны
1	Физика - математика	47	26	36	2/26	8	10
2	Жаратылыстану	39	32	65	4/55	6	10
3	Филология	58	32	149	21/118	10	40
4	Тарих және педагогика	78	40	41	9/23	9	24
5	Өнер және білім	30	27	34	3/18	13	4
6	Дене шынықтыру және спорт	60	27	48	30/10	8	2
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	312	184	373	69/250	54	90

ЖОО кейінгі білім беру институтының білімгерлері де тәрбие және әлеуметтік жұмыстарға тартылған. Мысалы, магистратура бөлімінің I курсының 2 магистранты тұл жетім ретінде степендияларына 30% мемлекеттік қосымшаларды пайдаланады. Докторанттар мен магистранттар ЖОО жүргізілген тәрбие жұмыстарына белсене араласады. Мысалы, оқу жылының алғашқы жартысындағы ОҚМПУ-нің 85 жылдығы мен **27.04.2023 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде өткен **«Тарихи тұлғалар: ұлттық тәрбие және сабақтастық»** атты республикалық форум жұмыстарына студенттер мен магистранттар, докторанттар белсене қатысты. Олар ғылыми баяндамалар жасап, түрлі тәрбиелік және мәдени іс-шараларда өз өнерлерін көрсетті. Аталған Республикалық форум аясында «Өзбекәлі Жәнібеков орталығы» ашылды. Аталған орталық ізденуші білімгерлерге ұлт тарихындағы біртуар тұлғаның этнографиялық бай мұрасын зерттеуге қызмет етумен қатар жалпы ұлттық мәдени танымдық тәрбие құндылықтарын, қазақ мәдениетінің қалыптасу үрдісін және даму белестерін ғылыми тұрғыда дәйекті негізде таныстыруға, ғылыми, педагогикалық, әдістемелік тұрғыдан жәрдем көрсетіп, болашақ педагог мамандардың білімі мен тәжірибесін кеңейтуге ықпал етеді деп күтілуде.





Толығырақ: <https://www.instagram.com/p/Crk7RA1AtSG>

4.2 Патриоттық сананы қалыптастыру

2022-2023 оқу жылында ОҚМПУ-нің тәрбие жұмыс жоспарларында патриоттық тәрбие бойынша жалпы саны 63 іс-шара жоспарланып орындалды. Жоспардан тыс 68 іс-шара қосымша өтті. Олардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі кестеде көрсетілген.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	9	14	5
2	Жаратылыстану	23	24	1
3	Филология	8	28	20
4	Тарих және педагогика	6	26	20
5	Өнер және білім	8	22	14
6	Дене шынықтыру және спорт	9	17	8
	Жалпы ОҚМПУ бойынша	63	131	68

Мысалы, 2022 жылдың 6-қазан күні сағат 15:00-де COWORKING орталығында «Дене шынықтыру және спорт» факультетінің 1402-12 және 1402-22 топтары студенттерінің ұйымдастыруымен «Ш.Мұртазаның мұрасы - адалдықтың жебесіндей» атты ашық тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағатының негізгі мақсаты: халық жазушысы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қоғамдық саяси қайраткер, журналист аудармашы, Ш.Мұртазаның өмірі, шығармашылығы туралы тереңірек түсінік берілді, қазақ халқының ашаршылық жылдарындағы қайғылы кезеңдері мен тарихи бастан кешкен қасіретін танытылды, студенттердің өз бетімен ізденіп оқу, шығармашылық дағдылары қалыптастырылды, ел тарихымен таныстыра отырып, студенттерді елін, жерін, халқын сүюге тәрбиелеп, Отаншылдық, ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастыру жолдары айқындалды.



Іс-шара

туралы

толығырақ:


https://www.instagram.com/p/CjaH1zBKrSy/?utm_source=ig_web_copy_link ;
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid037BVRgQqwq2zvqE1CHKHDSWqsBQkQPA BG1y5pVojTXgNGajT7HVCQrn2JXKgLcXHT1&id=100081144904702&mibextid=Nif5oz.

5.05.2023 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған «Бабалар батырлығы – бізге аманат» мерекелік іс-шарасы өтті. Университеттің оқытушы-профессорлық құрамы мен студенттері қатысқан салтанатты жиын мемлекеттілігіміздің негізі болған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Гимніне құрмет көрсетілді. Мереке аясында бірқатар әріптестеріміз табысты еңбегі үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Түркістан облыстық мәслихатының, "Amanat" партиясы Түркістан облыстық филиалының Құрмет грамоталарымен, университет басшылығының Алғыс хатымен марапатталды.

2022 жылды 18 қазан күні «Дене шынықтыру және спорт» факультетінің ұйымдастыруымен 6В01401 - Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасының 2 курс студенттері және оқытушысы Батаев Дулат Алшынбаевич, «Дене шынықтыру және спорт» факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бекбосунов Аңсарбек Құралұлы, факультет әдіскері Берікбай Дәулет Мақсатұлы, тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің маманы Бердібаев Абзал Темірханұлының бастауымен Ордабасы ауданына қарасты Бадам елді мекенінің 98 жастағы тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Мұратов Кәлменмен «Ешқашан ешнәрсе ұмытылмайды» тақырыбында кездесу өткізіп қайтты. Толығырақ :

https://www.instagram.com/p/Cj5cz6bKeqb/?utm_source=ig_web_copy_link

1. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0294bN1LN4YNqY4Kj3A3LqLAZR7s 4Dwr9fefj4oGu1yRjQyVHoRCYpL2TjEdhFRuhPl&id=100081144904702&mibextid=Nif5oz



02.06.2023 ж. Ө.Жәнібеков орталығында 4 Маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер: Тарих және таным» тақырыбында тарихи танымдық кездесу өтті. Кездесуге тарих ғылымдарының кандидаты, доцент міндетін атқарушы Анарбаев Қайрат Сапарханұлы мен Тарих және педагогика факультетінің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер қатысты.



Сонымен қатар оқу жылы көлемінде мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен де бірлескен іс-шаралар өтті. Мысалы, Шымкент қаласы әкімдігі Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқарманың бастамасымен 2023 жылдың 15-24 мамыр күндері Шымкент қаласындағы ЖОО-дары мен орта арнаулы оқу орындары студенттері арасында «Тарихтан тағылым» тақырыбында әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырылған тарихи дәрістерге ЖОО-ның ғалымдары тартылды. Дәрістерде жастарға биылғы жылда еліміз көлемінде аталып отырған атаулы тарихи оқиғалардың маңызы, сабақтары және тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі, олардың отансүйгіштік қасиеттері таныстырылды.

Аталған жобаның қорытынды жиыны 2023 жылдың 23 мамыр күні Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Қазақстан» залында өтті. Жиналған қауымға ғалымдар арнайы тақырыптарда баяндамалар оқып, ОҚМПУ-нің жас ақындары жырдан шашу шашты. Іс-шараның қорытындысы бойынша аталған жобаға белсенді қатысушыларға Алғыс хаттар мен заттай сыйлықтар тапсырылды.

4.3 Рухани-адамгершілік даму бағыты.

2022-2023 оқу жылында тәрбиенің негізгі салалық бағыты саналатын «Рухани – адамгершілік даму бағыты» бойынша 50 іс-шара жоспарлы және 47 жоспардан тыс, жалпы 97 іс-шара орындалды. Бұл бағытта мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу және Ә.Бөкейхановтың «Елге, жұртқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген қағидатын жастарға түсіндіру мен бойларына сіңіру бағыттарындағы жұмыстарға баса назар аударылды. Әрине, аталған қағидатты тәрбие саласында алғашқы рет қолға алғандықтан кейбір іс-шаралардың көздеген мақсаттар биігінен көріне алмай қалған тұстары да аз емес. Жалпы қызығушылық пен ынта басымдығы байқалады. Олардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі кестеде көрсетілген.

р/с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	4	4	0
2	Жаратылыстану	15	15	-
3	Филология	7	11	4
4	Тарих және педагогика	12	32	20
5	Өнер және білім	4	23	19
6	Дене шынықтыру және спорт	8	12	4
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	50	97	47

Мысалы, 16.09.2022 ж. ОҚМПУ 85 жылдық мерейтойының аясында Қоғамдық кәсіптер орталығының «Көрме» залында, «Аспаптар жасау» үйірмесінің жетекшісі Самат Утебулатов «Ұлт мұрасын ұлықтау - ұрпаққа парыз» атты мәдени танымдық іс-шара өткізді. Іс-шара барысында қазақтың ұлттық аспаптары - ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, халқымыздың жыр аңыздарынан, дастандарынан, көнеден келе жатқан мәдени мұралардың бірі екенін, ертеде саз аспаптарды ағаштан, түрлі өсімдіктерден, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізінен, қылынан және басқа да түрлі заттардан жасалғаны кеңінен түсіндірілді. Іс-шара соңында «Аспаптар жасау» үйірмесі 85 жылдық мерейтойға орай, оқу ордамызға арнайы қазақтың нарқобызын сыйға тартты.



Ұстаздар күні қарсаңында 26.09.2022 ж. ОҚМПУ-нің 85 жылдық мерейтойына орай

білім ордасының бас ғимаратында "Ұстаз һәм шәкірт" деп аталатын сурет көрмесі ашылды. Онда графикадан аға оқытушы, ҚР Мәдениет қайраткері Беркінбай Шуланбеков пен оның шәкірттерінің еңбектері қойылған. Көрме мазмұны рухани өмірімізбен тарихи тұлғаларды танытуды көздегені суреттерден байқалды. Жастар мен қонақтар көрмені тамашалады. Тәжіриби мереке мен мерейлі 70 жасқа толуына Беркінбай Шуланбековты университет ректоры Гүлжан Сүгірбаева және еңбек ардагерлері құттықтады.



28.09.2022 ж. жылы белгілі халық жазушысы, қоғамдық-саяси қайраткер, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, баспасөз баһадүрі Шерхан Мұртазаның туған күні. Жазушы 90 жасқа келер еді. Осы атаулы күні физика-математика факультетінің студенттері мен университет кітапханасының ұжымы «Қазақтың Шерағасы» тақырыбында семинар өткізді. Еске алу кешінде жазушының рухына тағзым ретінде «Бір кем дүние» кітабынан үзінділер оқылды, әуезді әндер шырқалып, күміс күйлер шертілді. Оқырман қауымына «Шерхан Мұртаза – қазақ әдебиетінің қызыл жебесі» атты библиографиялық көрсеткіш үлестірілді. Семинарда «Рухани жаңғыру» және тәрбие бөлімінің басшысы Анарбаев Қайрат Сапарханұлы Шер ағамыздың еңбектері туралы мағлұмат бере отырып, студент жастарымызды сауаттылыққа, рухани жағынан дамудың маңыздылығын айтып өтті.



4.4 Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімге тәрбиелеу бойынша 19 іс-шара жоспарланып, 40 іс-шара орындалды. 21 жоспардан тыс орындалды. Аталған бағытта еліміздегі ішкі саясат пен қоғамның тұтастығы, ұлтаралық татулық пен толеранттылық мәселелеріне байланысты тәрбиелік жұмыстар қол алынды. Солардың арасында ҚР Президентінің Жодауларын жастарға түсіндіру, талдау мен насихаттау бағытындағы жұмыстарда жүргізілді. Олардың факультеттер бойынша орындалуы төмендегі кестеде көрсетілген.

р /с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	1	1	-
2	Жаратылыстану	8	8	-
3	Филология	3	5	2
4	Тарих және педагогика	3	17	14
5	Өнер және білім	1	4	3
6	Дене шынықтыру және спорт	3	5	2
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	19	40	21

Мысалы, 12.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор Баршагүл Исабек модераторлығымен ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 1-қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауын насихаттау, түсіндіру мақсатында ОПҚ және студент жастармен «Қазақстан дамуындағы түбегейлі жаңа саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларды айқындаған – Жолдау» тақырыбында семинар жиын өтті.

29.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде білім алушылармен кері байланыс нығайту мақсатында «қоғамдық қабылдау» ісі өз жұмысын бастады. Бүгін университет ректоры Гүлжан Сүгірбаева және Рухани жаңғыру және тәрбие бөлімінің басшысы Қайрат Анарбаев алғаш болып қоғамдық қабылдауда студенттермен жүздесті.

Кездесуде студенттер ойда жүрген сұрақтарына жауап алды, ұсыныс-пікірлерін айтты. Қоғамдық қабылдау оқу орындары мен қоғам арасында тығыз байланыстар орнату үшін қажет болып отыр. Басты міндет - студенттермен, ұжыммен, қоғаммен тұрақты жұмыс істейтін байланыс арналарын құру және ҚР Президентінің Жолдауы аясында ғылым және жоғары білім саласындағы жобаларды жүзеге асыруды үйлестіру болып табылды.



4.5 Құқықтық тәрбие

2022-2023 оқу жылында Ата заңымызда көрсетілгендей құқықтық мемлекет пен «Жаңа Қазақстанды» құрудағы азаматтардың мемлекет заңдарын білуі, қолдануы, өз құқықтары мен міндеттерін танытуға бағытталған құқықтық тәрбие жұмыстары басты назарда болды. Жастардың ғана емес, ұжым қызметкерлер мен ОПҚ құқықтық сауаттылығын арттыру бағытындағы жоспарлы және жоспардан тыс тәрбиелік жұмыстар да жүргізілді. Ол жұмыстарда қылмыстың алдын алу, болдырмау, оның ішінде бүгінгі қоғамның дертіне айналған жемқорлықпен күрес бағыты, азаматтардың құқықтық

сауаттылығы мен заңды сақтауы, сыйлауы және өркениетті қарым-қатынастар мәдениетін меңгеруіне бағытталған жұмыстар назарда болды. Факультеттер бойынша атқарылған жұмыстардың көрсеткіші төмендегі кестеде берілді.

р /с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	2	2	0
2	Жаратылыстану	7	7	0
3	Филология	3	4	1
4	Тарих және педагогика	4	15	11
5	Өнер және білім	2	8	6
6	Дене шынықтыру және спорт	4	9	5
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	22	45	23

13.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15-ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары 4-ші жалпыұлттық басымдығының «сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және парасаттылық саясаты бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» семинары өткізілді. Семинарға Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор Баршагүл Исабек модераторлық етті. Семинар барысында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Заң факультеті Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, Ph.D доктор Ермек Бекбосынов баяндама жасады. Ол еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін арттыру, адалдық идеологиясын насихаттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



24.04.2023 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Шаңырақ» ғимаратының 317 дәрісханасында ҚР Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша басқармасының мамандарының қатысуымен «Қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейін жоғарылату» бағытында арнайы іс-шара өтті. Аталған іс-шараға қатысқан ҚР Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шымкент қаласы бойынша басқарма бастығының орынбасары Мүсіров Мұхтар Ашенұлы жалпы аталған басқарманың қызметі мен атқарып отырған жұмыстарына қатысты ақпараттар берді.



4.6 Салауатты өмір салтын қалыптастыру

2022-2023 оқу жылында аталған бағытта факультеттер бойынша 35 шара жоспарланып, жалпы 58 іс-шара өткізілді. Яғни 23 іс-шара жоспардан тыс орындалды. Салауатты өмір салты бойынша Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментіне қарасты «Тұран» спорт клубы және Психологиялық қолдау орталықтары мамандарының, түрлі спорттық үйірмелердің жетекшілерінің көп көмегі болды. Өйткені, дені саудың жаны сау қағидаты назарға алынды. Жастардың психологиялық салмақтарды көтере білуі де маңызды. Ұлттық психологиялық менталитет пен бүгінгі ахуалдарды да мамандар естен шығарған жоқ. Өз кезегінде ол жұмыстарға кешенді келу бағыты ұстанылды. Мысалы, сол жұмыстар нәтижесінде республикалық және әлемдік додаларда ОҚМПУ спортшылары топ жарды. Бүгінгі күнге ЖОО-да жалпы саны 15 құрайтын әлем чемпиондары бар. Олардың 6 биылғы оқу жылында осындай атаққа ие болды. Аталған бағытта атқарылған жұмыстардың орындалуының сандық көрсеткіші төмендегі кестеде берілген.

р /с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	5	5	
2	Жаратылыстану	8	8	-
3	Филология	5	6	1
4	Тарих және педагогика	3	16	13
5	Өнер және білім	3	11	8
6	Дене шынықтыру және спорт	11	12	1
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	35	58	23

2022 жылдың қыркүйек айының 23-24 күндері Сайрам ауданы Ақсу елді-мекенінде казак күресінен дәстүрлі «Оңтүстік Қазақстан» газетінің жұлдесі үшін өткен турнирде ОҚМПУ командасы ІІІ орын алды.



«Қазақстан» мәжіліс залында жастардың өмірге деген күштарлығы мен қызығушылығын арттыру мақсатында «Мен өзіме сенемін, Жетістікке жетемін» тақырыбында факультет студенттерімен мотивациялық тренинг іс-шара өткізілді. Қонаққа шақырылған мотиватор А.Б.Өтеген студенттерге өмірлік жетістікке жету мен болашаққа деген сенімділік бүгіннен бастау алатындығын айта отырып, еркін форматта сұрақ-жауап айдарын өткізді. «Мен өзіме сенемін, Жетістікке жетемін» мотивациялық тренинг іс-шара туралы толығырақ: <https://www.instagram.com/reel/Ck-WLeUDsrC/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>)

11.05.2023 ж. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және өз-өзіне қолу салудың алдын-алу мақсатында университет студенттерімен гинеколог, психолог мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында орталық басшысы Г.Т.Айтжанова студент қыздарға әлемнің кереметіне жататын қыз балаларына мотивация бере отырып, алдыға дамуларын тіледі және қазіргі таңда әлемдік мәселеге жататын өз-өзіне қол жұмсаумен тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарын айта отырып осы жағдайлардан аулақ болуына және алдын-алуға жолдарына бағытталған жұмыстар жүргізді.



2023 жылдың сәуір айының 26-27 күндері Орталық Қажымұхан стадионында ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушы В.П.Лепинскийді еске алуға жеңіл атлетикадан өткен халықаралық турнирде оқу орнымыздың командасы командалық есепте ІІ-орын алды.



22.09.2022 ж. Айтжанова Г.Т. – Психологиялық қолдау бөлім жетекшісі, Төлеген Ж.А. - Психологиялық қолдау бөлімінің бас маман-психологы, Күмісбек Ұ.Ж. - Психологиялық қолдау бөлімінің маман-психологы, Прланов Б.С. – ӘБ психологы капитан, Аширбеков Е.А.

- БК ТжӘҚЖЖО подполковник, Тамырбаев Қ.А. - ӘПБ бастығы подполковник, Қайназарова Н.Б. - №53 мекеме психологы капитан, Шымкент горнизонының әскери прокуратурасының прокуроры, Жолдасқызы А - Шымкент қаласы «Дін істері» басқармасының теологы, Әбілхайрова А.Н. - Шымкент қаласы психикалық денсаулық орталығының психологы, ОҚМПУ «Әскери дайындық және денешынықтыру» кафедрасы студенттері, «Психологиялық қолдау» орталығының ұйымдастыруымен **«Жасыруға болмайтын жағымсыз ақиқат»** тақырыбында семинар болып өтті. Семинардың мақсаты - жастар арасындағы өз-өзіне қол салу оқиғаларының алдын-алу. Айтжанова Гульнара Турмахановна өз сөзінде студенттерге практикалық жүзде өтіліп жүрген өз-өзіне қол салу тақырыбындағы жұмыстарымен бөлісе отырып, оны жеңу жолдарын ұсынды. Сонымен қатар, өз-өзіне қол салуға итермелейтін себептерді семинар қатысушыларына видеорликтер арқылы көрсетіп сұрақ-жауап жүргізді. Шымкент қаласы Дін істер басқармасының теологы Жолдасқызы Аружан өз сөзінде өз-өзіне қол салуға деген діни бағыттағы көзқарастарын айтып өтті. Семинар соңында жалпы тақырып аясында сұрақ-жауап айдары жүрді. Қорыта келгенде, Психологиялық қолдау орталығы мамандарының кәсібилігі мен қажетілігі анық байқалады. Биылғы оқу жылы көлемінде мамандардың нәтижелі жұмыстарының арқасында 1 суицидтің алдын алу орын алды.



«Жасыруға болмайтын жағымсыз ақиқат» семинары
(<https://www.instagram.com/tv/CizxA76K488/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>)

4.7 Жастар бастамаларын қолдау

2022-2023 оқу жылында жоспарланған 38 іс-шара болса, 80 шара орындалды, Жоспардан тыс 42 іс-шара өткізілді.

ОҚМПУ Тәрбие жұмыстарында тұлғаны қалыптастыру басты назарда. Оның ішінде жастар арасындағы еріктілердің (волонтер) игілікті бастамаларына үнемі басшылық тарапынан қолдаулар көрсетіліп келеді. Бұл орайда жастардың рухани, кәсіби, бәсекеге қабілеттілік сапаларын арттыруға бағытталған жұмыстарына, бастамаларына ерекше назар аударылады. Бұл бағыттардағы іс-шараларда жастардың республикалық деңгейлердегі іс-шараларға қатысуынан бастап, өз ойларын қоғам алдында ашық айта білу машықтарын қалыптастыру мен белсенді болуға, елдің қамын ойлауға ынтасын ояту мақсаттары көзделеді. ОҚМПУ-де сондай деңгейлердегі жұмыстарды бірлесе атқаруға да жағдайлар жасалған. Мысалы, 2 қазан 2022 жылы ECO STUDENT7KZ республикалық акциясы, 2023 жылы 1-2 сәуір күндері республикалық деңгейлерде «Көктем шапағаты» атты дәстүрлі Дебаттық турнирлері, ОҚМПУ «Кітап фестивалі» сияқты маңызды іс-шаралар өтті. Биылғы оқу жылында факультеттер бойынша атқарылған жұмыстар көрсеткіші төмиендегі кестеде көрсетілді.

р /с	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика – математика	7	7	0
2	Жаратылыстану	9	9	-
3	Филология	9	21	12
4	Тарих және педагогика	7	22	15
5	Өнер және білім	1	4	3
6	Дене шынықтыру және спорт	5	17	12
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	38	80	42

15.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған іс-шаралардың бірі Қоғамдық кәсіптер орталығының «Көрме» залында, Домбыра үйірмесінің жетекшілері Шыңғыс Исаев пен Әліби Нышан және Домбыра үйірмесіне қатысушы 3 курс студенті Азамат Махмудов «Дәстүрлі күй мектептерінің ерекшеліктері» атты тәрбие бағытындағы лекция концерт өткізді. Лекция концертке оқу ордамыздың қызметкерлері мен студент жастары қатысты. Іс-шара барысында әр өнердің күй өнерінің шығу тарихын түсіндіре отырып, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина Нұрпейісова, Төлеген Момбеков, Нұрғиса Тілендиев сынды тұлғалардың күйін күмбірлете орындап, көрерменнің ықыласына бөленді.



22.09.2022 ж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында Қоғамдық кәсіптер орталығының «Көрме» залында, «Дефиле» үйірмесінің жетекшісі. Халықаралық дәрежедегі дизайнер Марат Ерімбетов пен Макпал Туреханова «Ұлттық киім - ұрпаққа мұра» атты мәдени танымдық іс-шара өткізді. Іс-шара барысында «Ұлы дала айшықтары», «Жігерлі жастар», «Сұлу сылқым» атты коллекциялар студент жастардың назарына ұсынылды. Үйірме жетекшісі Марат Ерімбетов қазақ қыздарының және әйелдердің арасында заман талабына сай тігілген ұлттық киімдер мен орамал, бас-киімдер сұранысқа ие бола бастағаны туралы айтты.

4.8 Ақпараттық-насихаттау жұмысы

ЖОО-да атқарылған жұмыстарды ақпарат көздері арқылы насихаттау мен жастардың өз ойларын дұрыс көпшілікке жеткізе білу, жалпы көпшілікті игілікті істерге тартуда ақпараттық насихаттық жұмыстардың орны ерекше. Бұл бағытта кез келген тәрбиелік жұмыстарды әлеуметтендіру мақсатына сай жұмыстар факультеттер мен тәрбие

құрылымына қатысты бөлімдер арқылы үнемі, әрі тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Мысалы, ОҚМПУ Медиа орталығы мәліметтеріне сай Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті 2022-2023 оқу жылында 01-қыркүйектен бастап Әлеуметтік желілердегі (Fb, Insta) 4 ресми парақшада 401 публикация жарияланды.

Оның ішінде:

- Посттар – 337
- Роликтер – 64
- Бұқаралық ақпарат құралдарына 178 рет шықтық

Оның ішінде:

- Жергілікті телевидение – 52 сюжет
- Республикалық телевидение - 21 сюжет
- Жергілікті газет-журнал – 80 мақала
- Республикалық газет-журнал – 15 мақала
- Ақпараттық порталдар - 10 жаңалық берілсе, соның басым бөлігі руханият пен тәрбиеге тікелей тәрбие жұмыстарымен байланысты болды. Жалпы факультеттер бойынша осы бағыттағы атқарылған жұмыстардың сандық көрсеткіші төмендегі кестеде берілді.

р /с.	Факультет бойынша	Жоспарланған іс-шаралар саны	Жалпы өткізілген іс-шаралар саны	Жоспардан тыс атқарылған жұмыстар саны
1	Физика - математика	4	4	0
2	Жаратылыстану	8	8	0
3	Филология	5	5	0
4	Тарих және педагогика	4	17	13
5	Өнер және білім	2	4	2
6	Дене шынықтыру және спорт	5	7	2
7	Жалпы ОҚМПУ бойынша	28	45	17

4.9 Қорытынды, ұсыныстар

2022-2023 оқу жылында Тәрбие және әлеуметтік салада атқарылған жұмыстар ОҚМПУ-нің мерейлі 85 жылдығы аясындағы іс-шаралармен және салалық министрлікке қарасты департаменттердің тапсырмаларын орындау, мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен біріккен тәрбиелік жұмыстарға ОҚМПУ студенттерінің көптеп қатыстырылуы есебінен жоспардан артық орындалды. Мысалы, факультеттердің тарапынан жоспарланған тәрбие бағытындағы 255 іс-шарасы 496 –ға жетіп, 241 іс-шара жоспардан тыс орындалды. Дегенмен олардың арасында өте сапалы орындалғандары да, кейбір кемшін тұстарымен атқарылғандары да кездесті. Жалпы алғанда «қанағаттанарлық» деңгейде деп бағалауға келеді. Тәрбиелік іс-шаралардың саны мен сапасының арта түсуі ұжымның бірлескен ортақ жұмыстарының нәтижесінде мүмкін болып отыр. Жалпы алғанда тәрбиелік және әлеуметтік салалар бойынша үлкен кемшіліктерге орын берілмеді. Ол жұмыстардың нәтижелігіне басшылықтың қолдауы, ЖОО құрылымдық өзгерістерге сай тәрбие бағытында аталған саланың жауапкершілігіне тікелей қатысты Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің құрылуы және ең бастысы ОПҚ мен жастардың білімі мен мәдениеттілік деңгейлерінің өзара ұштасуы мүмкіндік берді деп санаймыз. Дегенмен жетістіктер мен қатар кейбір кемшін және қауіпті тұстар да байқалды. Оның негізгілерін төмендегі жиынтық

талдамада көрсете отырып, алдағы уақыттарда шешімін табуы тиіс мәселелер бойынша ұсыныстар беріледі.

ОҚМПУ Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті жұмысының тұтастығы мен толықтығын бағалау	
Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>- «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» департаменті жылдық жұмыс жоспарына сай және тәрбие бағытындағы жұмыстарды атқаруда ОҚМПУ ОПҚ педагогикалық және тәжірибелік әлеуетінің жоғары болуы;</p> <p>- ОПҚ мен білім алушылардың түрлі деңгейлердегі (республикалық, қалалық, ЖОО-дағы) тәрбиелік, кәсіби үйірмелік, спорттық секциялар мен өзге де іс-шараларға қатысу белсенділігінің жоғарылығы;</p> <p>- Студенттердің (оның ішінде шетелдік азаматтығы бар туысқан түркі халықтары өкілдері де бар) арасында жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды тануға, діни толлеранттылық пен «Рухани жанғыру» бағдарламасына қызығушылығының деңгейі жоғары;</p> <p>- «Үздік тәлімгер» байқауына қатысуға топ тәлімгерлерінің ынталарының жоғары болуы;</p> <p>- Тәрбие жұмыстарын жүргізуге қажетті материалдық-техникалық құралдардың жабдықталуының жоғары деңгейі мен мүмкіндіктердің молдығы.</p>	<p>- ОПҚ ЖОО көлеміндегі және мемлекеттік гранттық ғылыми жобаларға қатысуға ғылыми жобалар мен тәрбие жұмысы сапасын жоғарылату бойынша әдістемелік құралдарды ұсынуы деңгейінің төмендігі;</p> <p>- Тәрбие бағытындағы жұмыстарды жандандыру бойынша жұмыстарда ОПҚ тек универ жүйесіндегі белгілі бір «балл» берілген тапсырмаларды орындаумен шектелуі, жеке белсенділікке ұмтылуының төмен деңгейі;</p> <p>- Жоспардан тыс республикалық іс-шаралар санының артуымен кейбір ЖОО көлеміндегі іс-шараларды өткізуге уақыт пен мүмкіндіктердің аздық етуі. Мысалы, «Боз бала мен бойжеткен», «Үздік тәлімгер» байқаулары кейінге шегерілуі;</p> <p>- Оқу жылының бірінші жартысындағы белсенділіктің I жартыжылдықтан соң бәсеңдеу үрдісінің байқалуы. Оған себептің бірі тәрбиелік іс-шараларға қатысушы білім алушылардың сабақтар мен арнайы жаттығулардан заңды босатылуына және олардың елдіміздің, ЖОО –ның имиджін көтерудегі еңбектерінің жекеленген пән оқытушылары тарапынан жеткілікті деңгейде бағаланбауы себеп.</p>
Мүмкіндіктері	Қауіптілігі
<p>- ОҚМПУ ұлттық тәрбиенің салалары бойынша елімізде жетекші ЖОО болу мүмкіндігі өте жоғары;</p> <p>- Материалдық базаның талаптарға сай келуі және интеллектуальды жастардың көптігі;</p> <p>- Тәрбие саласындағы жұмыстарда ұлттық идеологияның қайнарларынан сусындатуға бағытталған игілікті бастамалар республикалық және қалалық деңгейлерде атқарылып келеді. Сабақтастыққа айналдыру арқылы ғылыми зерттеу жобаларын жасап Ғылым және</p>	<p>- Жастар арасында жекеленген суицидтік әрекеттердің байқалуы;</p> <p>- Тәрбие бағыттарындағы жүргізілетін жұмыстардың жүйелігін сақтау мен оларды факультеттердің жоспарларында тендей қарастыруда кемшіліктердің орын алуы;</p> <p>- Оқу топтарына сабақтар өткізудегі кабинеттердің тапшылығы салдарынан «Ұлт ұстаздары», «Өзбекәлі Жәнібеков» дәрісханаларында ғылыми зерттеулердің, тәрбиелік іс-шараларды жүйелі жүргізу мүмкіндіктерінің толық</p>

<p>Жоғары білім министрлігі жобаларына қатысу мүмкіндіктері мол;</p> <p>-«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар мен ақпараттық танысудың мол мүмкіндіктері бар;</p> <p>-Рухани мұралар санатындағы Қазақ батырлар жырларының электронды нұсқаларының топтамасы мен руханият саласындағы деректі фильмдер қорының ОҚМПУ-де танысуға.</p>	<p>болмауы;</p> <p>-ЖОО шеңберіндегі «Рухани жаңғыру» және тәрбие жұмыстарын жетілдіру бағытындағы бастамалық сипаттардағы ғылыми жобалар мен әдістемелердің болмауы.</p>
--	---

5 Ғылыми-зерттеу жұмыстары

5.1 Университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарының стратегиялық бағыттары

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстары 2022-2023 оқу жылына арнайы бекітілген ғылыми бағыттар бойынша жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылындағы ғылыми бағыттар

№	КАФЕДРА	ЖАЛПЫ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТ	ЖЕКЕ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТ
1	<p>1. Информатика</p> <p>2. Мектепке дейінгі және арнайы педагогика</p> <p>3. Педагогика</p> <p>4. Бастауышта оқыту әдістемесі</p> <p>5. Орыс тілі</p> <p>6. Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері</p> <p>7. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі</p> <p>8. Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру</p> <p>9. Физика</p> <p>10. Химия</p> <p>11. Биология</p> <p>12. Математика</p> <p>13. Қазақ тілі мен әдебиеті</p> <p>14. Психология</p> <p>15. Шетел тілдері</p> <p>16. Ағылшын тілі</p> <p>17. Әлем тарихы және дінтану</p> <p>18. Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер</p>	<p>1)Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқыту мазмұнын ғаламдану контексінде қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздері</p> <p>2) Педагогикалық инновацияларды қолдану негізінде болашақ мұғалімдерді даярлау процесін жетілдірудің ғылыми әдістемелік негіздері</p> <p>3) Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық пәндік орталарды әзірлеу арқылы қалыптастыру</p>	

	19. География 20. Музыкалық білім 21. Мектепке дейінгі және арнайы педагогика		
2	Физика		Физиканың қазіргі кездегі өзекті мәселелері.
3	География		1. Рухани жаңғыру аясында киелі орындардың құрылымын айқындау, өлкеміздің туристік әуелетін арттыру ғылыми бағыт бойынша жұмыс жүргізу 2. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында адами капиталды қалыптастырудағы құқықтық және экономикалық аспектілері
4	Химия		1. Исследование коллоидно-химических свойств композиционных материалов; 2. Исследование физико-химических основ микрокапсулирования различных активных агентов
5	Биология		Биолого-экологический анализ популяционной структуры фауны, флоры и микрофлоры сакральных зон Южного Казахстана.
6	Математика		Сегменттегі дифференциалдық операторлардың спектралдық мәселелері
7	Музыкалық білім		Қазақстанның инновациялық даму контекстіндегі музыкалық және мәдени-шығармашылық білімнің фундаменталды және қолданбалы негіздері
8	Қазақ тілі мен әдебиеті		1. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарындағы жаңа бағыттар
9	Әлем тарихы және дінтану; Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер		Қазақстан және әлем тарихының өзекті мәселелері: тарихи, саяси-әлеуметтік және философиялық аспектілері.

5.2 Ғылыми-зерттеу жұмыс жобаларының жоспарлануы

2022-2023 оқу жылында Ғылыми зерттеулер офисі 3 ғылыми-тәжірбиелік (3 халықаралық, 1 республикалық) конференция жұмысының ұйымдастыру жұмыстарына қатысып, конференция жинақтарын құрастырды. Сонымен қатар «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2022» байқауы, университетішілік «Үздік қызметкер» байқауының «Үздік ғалым» номинациясы бойынша өткізілген байқауды ұйымдастырды. Қатысушылардың құжаттарын рәсімдеу және байқаудың ұйымдастырушылық жұмыстарын жүргізді. Гранттық қаржыландыру конкурстары бойынша жобаларды жіберу және дайындау жөнінде ғалымдармен бірқатар жұмыстар жүргізді.

5.3 Орындалушы ғылыми-зерттеу жобалары бағдарламалар

Ғылым мен инновация менеджментін модернизациялау мақсатында университетімізде біршама жұмыстар атқарылуда.

Университетте профессор-оқытушы құрамының ғылыми-зерттеу жұмыстарына оң баға беру мақсатында сараптау жұмыстары жүргізіледі. Сараптау нәтижесінде әр жылы ғылым саласында елеулі еңбектер жасаған университеттің профессор-оқытушы құрамының еңбек ақысына қосымша үстемелер қосылып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, “Гранттық қаржыландыру” ұйымдастырып отыратын байқаулар мен жобаларға үздіктер ұсынылады.

2022-2023 оқу жылында университетімізде профессор-оқытушы құрамының жетекшілігімен грант ұтып алынған 8 жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. 2022-2023 оқу жылының соңына қарай университет ОПҚ 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға Конкурсына қатысып, 4 жоба ҰҒК мақұлданды.

Сонымен қазіргі таңда жалпы 12 гранттық ғылыми жобалар іске асырылуда. Жалпы сомасы 407 млн 396 мың 842,5 теңгені құрайды.

№	Грант түрі	Жоба тақырыбының атауы	Жетекшінің аты-жөні	Жалпы қаржы көлемі және жылы
1	ҚР БжҒМ Ғылым комитетінің "2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы	Smart-білім беру жағдайында "Scratch" және "Робототехника" курстары бойынша бастауыш мектепте ақпараттық білім ортасын әзірлеу	Ибашова Альмира Байдабековна	32 917 618 тг, 50 тиын 2021-2023 ж.ж.
2	ҚР БжҒМ Ғылым комитетінің "2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы	Ұлттың рухани қайта өркендеу бағдарламасын жүзеге асырудағы отандық кескіндеменің дидактикалық әлеуеті.	Сманов Илесхан Сманович	37 325 486 тг 2021-2023 ж.ж.
3	ҚР БжҒМ Ғылым комитетінің "2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық	Бастауыш мектептің қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеу дағдысын ақпараттық технологиялар арқылы қалыптастыру	Молдабек Құлахмет	32 322 596 тг 2021-2023 ж.ж.

	жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы			
4	ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің "2022-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы	Қазіргі білім беру парадигмасындағы мәдени-тілдік құзыреттілік: метатілдегі коннотация	Мынбаева Ақбилек Пазылхановна	13 938 039 тг 2022-2024 жж
5	ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің "2022-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы	Жоғары сыныптарда Физика пәнін құбылысқа негіздеп оқыту жүйесін (Phenomenon-based learning) жасау	Уалиханова Баян Сапарбековна	18 532 591 тг 2022-2024 жж
	ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің "2022-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы	STEM білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының метапәндік білігін қалыптастырудың жүйесін әзірлеу	Есназар Асель Жаңабергенқызы	22 031 355 тг 2023-2025 жж.
	ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің "2022-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы	Бастауыш мектептің білім беру үдерісінде ағылшын тілі сабақтарындағы геймификация: цифрлық ойындар арқылы шет тілін меңгеруге ынталандыру	Дуйсенова Маржан Молдакасымовна	18 231 834 тг 2022 – 2024 жж
	ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің "2022-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы	Орта мектепте информатиканы аралас оқытуды жүзеге асыру үшін геймификация элементтері бар ақпараттық-білім ортасын әзірлеу	Бедебаева Майра Ерсұлтановна	23 965 342 тг 2023 – 2025 жж.
СМЖ ОҚМПУ ҚН 06-03-10-2022 Инфрақұрылымды дамыту департаменті аула тазалаушысының қызметтік нұсқауы (Нұсқа 03).

9.2 Ішкі және сыртқы аудит қорытындысы бойынша атқарылған іс-шаралар туралы

Ішкі аудит университеттің барлық негізгі процесстің қызметін бағалаудың маңызды құралы болып табылады. Мұқият және объективті жүргізілген ішкі тексерулер университеттің тиімді және тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті ақпаратты береді.

Ішкі аудит ОҚМПУ Басқарма төрағасы - ректордың 03.10.2022ж №14 өкімі бойынша Ішкі аудиторлар құрамы бекітілді. ОҚМПУ-нің 2022-2023 оқу жылына арналған ішкі аудиттерді өткізу кестесіне сәйкес өткізілді.

Аудиттің мақсаты: жұмыс істеу нәтижелілігін бағалау және сапа менеджменті жүйесін жақсарту мүмкіндіктері мен жолдарын анықтау.

Аудит критерийлері: өмірлік циклдің барлық процестерін жоспарлау және орындау (Оқу, оқу-әдістемелік, тәрбиелік, ғылыми-зерттеу), процестердің сапасын бақылау, дипломдық жұмыстардың (жобалардың) сапасын тексеру, ОПК біліктілігін арттыру, студенттердің білімін бағалау және берешектерді жою, өндірістік практика және түлектерді жұмысқа орналастыру, оқу зертханалары, сабақтарды өткізу сапасын тексеру, тәрбие процесінің кураторлық сағаттары мен іс-шараларын өткізу сапасын тексеру.

01.11.2022ж, №17 - өкімімен Ішкі аудиттің кестесінде жоспарланған келесі **6- факультет, 20 - кафедралар** (Филология кафедрасы: *Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасы; Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы; Ағылшын тілі кафедрасы; Шетел тілдері кафедрасы.* Өнер және білім факультеті: *Музыкалық білім кафедрасы; Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы; Тарих және педагогика факультеті: Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы; Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасы; Педагогика кафедрасы; Психология кафедрасы; Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы, Әлем тарихы және дінтану. Дене шынықтыру және спорт факультеті: Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасы, Бастапқы әскери дайындық және дене*

шынықтыру кафедрасы. Физика-математика факультеті: Математика кафедрасы, физика кафедрасы, информатика кафедрасы. Жаратылыстану факультеті: биология кафедрасы, география кафедрасы, химия кафедрасы) ішкі аудиттен өтті.

03.04.2023ж, №04 өкімімен 7 – құрылымдық бөлімдер (Жобалық офис, Оқу процесін цифрлық әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі, Тіркеу офисі, Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті, Ғылыми зерттеулер офисі, Маркетинг және мансап департаменті, ІТ департаменті және Инфрақұрылымды дамыту департаменті) ішкі аудиттен өтті.

Аудиторлық топтар тексерілген құрылымдық бөлімшелердің іс-номенклатурасына сәйкес ішкі аудит бойынша анықтамалар мен есептер дайындады. Ішкі аудит барысында елеусіз сәйкессіздік анықталды.

Түзілген келісім-шарт негізінде 2023 жылдың мамыр айының 03-05 аралығында «Русский регистр» сертификаттауы бойынша Ассоциациясының аудиторымен сапа менеджмент жүйесін инспекциялық аудит университеттің әкімшілік және өндірістік құрылымдарында СМЖ-нің ХС ИСО 9001-2015 талаптарына сәйкестігін растау өз деңгейінде өткізілді. **Эксперт-аудитор Кабулов Ж.С.**

02.05.2023ж. №026.01PP (04/20)-мен бекітілген тексеру жоспарына сәйкес аудит 3 күн аралығында қамтыды.

2022-2023 оқу жылының сыртқы аудит барысында 1 елеусіз сәйкессіздік (*Жастармен жұмыс бөлімі*) пен 2 бақылау (*«Биология» кафедрасы мен «Психология» кафедрасы*) анықталды.

1 сәйкессіздік ол:

1) **«Жастармен жұмыс» бөлімі (бөлім басшысы – Б.Б.Тасболат)** – тексеру барысында ОҚМПУ «Болашақ» пікір-сайыс орталығының 10 жылдығына орай, «Көктем шапағаты» атты республикалық турнирдің көрсетілген Ережесі бойынша шыққан кешіліктер тізімі:

- пікір-сайыс турнир төрешілерінің қызметтері мен таңдау/тағайындау тәртібінің болмауы;

- пікір-сайыс турнирі АПФ (Америкалық парламент форматы), БПФ (Британдық Парламент форматы) және ЛД (Линкольн-Дуглос) халықаралық форматтарына сәйкес үлгілер қосымшада тіркелмеуі;

- Ереже құрастырушысының аты-жөні, қызметі мен қолы көрсетілмеуі;

Сонымен қатар, турнир төрешілер тізімінде бекітілген уақыттың көрсетілмеуі және 2023 жылдың сәуір айының 01-02 күндерінде атқарған жұмыстары бойынша дәлелдеуші хаттама құжаттарының болмауы.

2 бақылау:

1) **«Биология» кафедрасы (кафедра меңгерушісі – А.А.Успабаева)** – тексеру барысында 2021-2022 оқу аралығындағы 4 семестр ББ бойынша 8D01505 «Биология педагогін даярлау» 3 курс докторант Ж.Ш.Есмаханованың «Аралас оқыту жағдайында болашақ биология мұғалімінің цифрлық құзреттілігінің қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты тақырыбындағы ҒЗЖ есебінің уақыты көрсетілмеген және докторантпен жетекшісінің қолы қойылмаған.

Сонымен қатар, 2022-2023 оқу жылындағы 5 семестр ҒЗЖ-ның орындалу жөніндегі есебі көрсетілмеуі.

2) **«Психология» кафедрасы (кафедра меңгерушісі – А.З.Әліпбек)** – тексеру барысында 7 семестрдің 4 курс үшін 6B01101 - "Педагогика және психология" мамандығы бойынша "Әлеуметтік психология" пәнінің оқу-әдістемелік кешені ұсынылу барысындағы кемшіліктер:

- пән шифрларының сәйкессіздігі (АР 4334 орнына АР 4333)

- мамандық шифрларының сәйкессіздігі (5B010300 орнына 6B01101)

Барлық сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-әрекеттері орындалып, растайтын материалдар стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөліміне және «Русский регистр» сертификаттау бойынша Ассоциациясына өткізілді.

ОҚМПУ СМЖ-нің тұтынушыға бейімделуі және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ЖОО-ның жоғарғы кәсіби білімді мамандарды даярлау бойынша білім беру қызметін ұсынудағы қабілеттілігі, процестерді нақты басқару және реттік мониторинг жүргізу негізінде олардың тұрақты жақсаруы, өлшеу және процесс қызметтерінің нәтижелігін талдауы, сонымен қатар тұтынушының қанағаттанушылығын және барлық қызығушы тараптардың өнім/қызмет сапасын бағалауы, тұрақты білім беру және білім беру қызметін көрсетудегі сапасын арттыру мақсатында қызметкерлердің біліктілігін арттыру басым тараптары екендігін аудитор атап өтті.

9.3 Аккредитация

ҚР ЖОО-ның арасында АРТА (НААР) тәуелсіз агенттігі ұлттық рейтингісінен “Жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингі -2022” нәтижесінде ОҚМПУ 2022-2023 оқу жылында (Генеральный рейтинг) «Топ-20» ҚР жетекші жоғары оқу орындарының арасында 9 орынға ие болды.

ОҚМПУ 2023 жылдың 24-25 мамыр күндері аралығында “Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі” мемлекеттік емес мекемесімен (БСҚТА) мамандандырылған (6 білім беру бағдарлама бойынша: магистратура -2 мамандық, докторантура – 4 мамандық) аккредиттеу аясында БСҚТА эксперттік тобы сыртқы аудит жүргізді. 6 білім беру бағдарламасы бойынша мамандандырылған аккредиттеу өткізілді.

“Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі” мемлекеттік емес мекемесімен (БСҚТА) мамандандырылған аккредиттеу (6 білім беру бағдарламасы бойынша) аккредиттеу шеңберінде өзін-өзі бағалау есебін даярлап, өткізілді.

9.4 Мониторинг

Оқытушылардың профессор-оқытушылары құрамының қызметін рейтингтік бағалау

- «ОҚМПУ оқытушы-профессорларының қызметін бағалау рейтингін анықтау « көрсеткіштерін бағалау рейтингтерін анықтау үшін:

- оқу-әдістемелік жұмыстары 11 түрлі көрсеткіштерде қарастырылады;

- ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша 16 түрлі көрсеткіштерде қаралады;

- қоғамдық және тәрбие жұмыстары бойынша 8 түрлі көрсеткіштерге сәйкес бағалау ұпайлары анықталып бекітілді;

Рейтинг анықтау жұмысын автоматтандыру мақсатында арнайы базалық бағдарламада жұмыс жасалды;

базаға университеттің факультеттері, кафедралары, оқытушы профессорлары жайлы анықтамалық мәліметтер енгізілді;

-әр оқытушының рейтингін анықтауға қажетті сандық мәліметтер енгізілді;

- базадағы мәліметтердің оқытушы-профессорлардың дәлелді құжаттарымен сәйкестігін тексеру жұмыстары жүргізілді;

- аталған жұмыстардың нәтижесінде оқытушы-профессорлардың қызметтерін бағалау рейтингтері анықталды;

- рейтинг көрсеткіштері жайлы университет, факультет және кафедра бойынша нәтижелік есептер алынды;

- «ОҚМПУ үздік оқытушысын», «ОҚМПУ үздік кафедрасын», «ОҚМПУ үздік факультетін» анықталды.

Университеттің білім беру үдерісінде сыртқы тұтынушылар, ПОҚ мен студенттердің ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануына бағалаулар жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында 01.11.2022-01.12.2022ж аралығында «Оқытушы студент көзімен» атты «Универ» жүйесінде электронды сауалнамасы өткізілді. Сауалнамаға жалпы университет бойынша 94,0% білім алушылар қатысты. Университет оқытушыларының кәсіби деңгейінің орташа балы - 4,67 балл құрады, ПОҚ-тың 81,0% бағаланды.

Мақсаты: Оқу процесін басқару үшін ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына тұтынушылардың қанағаттану деңгейін өлшеу.

Жалпы 7106 респондент қатысты.

Сауалнама 5-балдық бағалау шкаласымен анықталады. Студентердің оқытушыларға берген нәтижесі қанағаттанарлық деңгейде.

Білім алушыларға электронды сауалнамада 13 сұрақ қойылды, Сауалнаманың негізгі сұрақтары 5 балдық өлшем бойынша бағаланды. 13 сұрақтың нәтижесі көрсетілген.

6 сұрақта – «Оқытушы қаншалықты деңгейде интерактивті құрылғылар мен интернет-технологияларды қолданатынын бағалаңыз?»- 4,65 көрсеткішімен бағаланды. Бұл оқытушылар сабақтарда интерактивті құрылғылар мен интернет-технологияларды пайдалануды арттырса деген ұсынысты тудырады.

Жалпы ОҚМПУ бойынша 2, 10, 12 сұрақтарын-

«Сіз осы оқытушының оқу материалын қаншалықты меңгердіңіз?»,

«Оқытушы пән бойынша ұсынылып отырған мәліметтерді келешектегі кәсіби қызметте қолдануға қаншалықты бағдарлайды?»,

«Оқытушы пән бойынша ұсынылып отырған мәліметтерді ғылыми зерттеулер жүргізуде қолдануға қаншалықты деңгейде бағдарлап отырады?» - 4,66 көрсеткішімен бағалады. Бұл дегеніміз оқытушы білім алушыларға оқу материалдарын жеткізуді арттырса. Оқытушы пән бойынша ұсынылып отырған мәліметтерді келешектегі кәсіби қызметте қолданылуын және пән бойынша ұсынылып отырған мәліметтерді ғылыми зерттеулер жүргізуге дағдылауды дамытса деген ұсыныс.




Университет факультеттерінің оқу жылының орташа балдары салыстырмалы түрде көрсетілген. Салыстырмалы талдаудың нәтижесінде факультеттердің орташа балдары өткен жылға қарағанда төмендеген.



**«ОҚЫТУШЫЛАР СТУДЕНТТЕР КӨЗІМЕН» САУАЛНАМАСЫНЫҢ
ФАКУЛЬТЕТТЕР БОЙЫНША ОРТАША БАЛЛЫ**

Факультеттер	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	Жалпы орта балл
Жаратылыстану	4,76	4,73	4,74	4,73	4,74	4,72	4,75	4,73	4,74	4,72	4,73	4,72	4,73	4,73
Өнер және білім	4,66	4,66	4,65	4,67	4,67	4,65	4,67	4,66	4,68	4,66	4,66	4,67	4,65	4,66
Тарих және Педагогика	4,69	4,65	4,67	4,67	4,67	4,63	4,66	4,67	4,67	4,65	4,66	4,66	4,66	4,66
Физика-математика	4,69	4,65	4,68	4,68	4,67	4,67	4,68	4,67	4,68	4,67	4,68	4,66	4,68	4,67
Филология	4,66	4,63	4,64	4,65	4,64	4,60	4,64	4,65	4,65	4,63	4,63	4,63	4,65	4,64
Дене шынықтыру және спорт	4,70	4,67	4,67	4,69	4,69	4,63	4,68	4,69	4,69	4,66	4,67	4,66	4,68	4,68
ОҚМПУ бойынша	4,70	4,66	4,67	4,68	4,68	4,65	4,68	4,67	4,68	4,66	4,67	4,66	4,67	4,67

«Оқытушылар студенттер көзімен» сауалнамасының кафедралар бойынша орташа баллы



**«ОҚЫТУШЫЛАР СТУДЕНТТЕР КӨЗІМЕН» САУАЛНАМАСЫНЫҢ
КАФЕДРАЛАР БОЙЫНША ОРТАША БАЛЛЫ**

Кафедралар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	Жалпы орта балл
Музыкалық білім	4,81	4,82	4,79	4,83	4,83	4,83	4,80	4,83	4,84	4,82	4,83	4,83	4,81	4,82
Физика	4,82	4,77	4,83	4,82	4,81	4,79	4,82	4,79	4,82	4,80	4,80	4,81	4,84	4,81
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика	4,76	4,73	4,75	4,75	4,74	4,73	4,75	4,74	4,74	4,75	4,75	4,73	4,75	4,74
Биология	4,76	4,74	4,75	4,74	4,75	4,74	4,76	4,74	4,75	4,73	4,73	4,72	4,75	4,74
Жинни	4,74	4,72	4,74	4,74	4,75	4,71	4,76	4,73	4,75	4,71	4,74	4,71	4,72	4,73
Бастауышты оқыту әдістенесі	4,75	4,70	4,72	4,73	4,73	4,73	4,72	4,75	4,73	4,70	4,72	4,72	4,71	4,72
Дене шынықтыру теориясы мен әдістенесі	4,75	4,71	4,70	4,74	4,74	4,69	4,71	4,74	4,73	4,70	4,71	4,71	4,72	4,72
География	4,73	4,72	4,72	4,71	4,70	4,70	4,72	4,70	4,72	4,71	4,71	4,72	4,69	4,71
Шетел тілі	4,72	4,65	4,69	4,70	4,69	4,64	4,69	4,70	4,68	4,68	4,68	4,67	4,70	4,68
Қазақ тілі және әдебиет	4,69	4,66	4,68	4,67	4,68	4,63	4,68	4,69	4,69	4,66	4,67	4,68	4,68	4,67
Информатика	4,70	4,64	4,67	4,68	4,67	4,67	4,68	4,66	4,68	4,66	4,67	4,65	4,66	4,67
Педагогика	4,68	4,66	4,67	4,65	4,67	4,65	4,68	4,66	4,68	4,65	4,67	4,66	4,65	4,66
Әлем тарихы және дінтану	4,68	4,59	4,64	4,61	4,64	4,61	4,63	4,61	4,64	4,60	4,64	4,62	4,64	4,63
Орыс тілі және әдебиет	4,64	4,61	4,62	4,64	4,63	4,57	4,62	4,62	4,61	4,62	4,62	4,61	4,63	4,62
Бастапқы әсерін дайындау және дене шынықтыру	4,62	4,60	4,61	4,60	4,62	4,54	4,62	4,61	4,64	4,60	4,61	4,58	4,61	4,60
Психология	4,61	4,58	4,59	4,59	4,58	4,56	4,58	4,58	4,59	4,60	4,58	4,59	4,58	4,59
Ағылшын тілі	4,61	4,60	4,60	4,60	4,60	4,56	4,61	4,60	4,62	4,58	4,58	4,59	4,60	4,59
Математика	4,60	4,57	4,60	4,58	4,57	4,56	4,59	4,58	4,58	4,58	4,60	4,58	4,60	4,58
Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер	4,60	4,57	4,57	4,60	4,61	4,47	4,56	4,58	4,59	4,56	4,56	4,58	4,59	4,57

ОҚМПУ кафедралар бойынша жоғары кәсіби көрсеткіштер рейтингі

Жалпы ЖОО бойынша 3 кафедраның кәсіби көрсеткіш рейтингісі жоғары деңгейде көрсетілген.

Кафедра	балл	респондент
Музыкалық білім	4,82	195
Физика	4,81	205
Мектепке дейінгі және арнайы педагогика	4,74	108



Жалпы ЖОО бойынша 27 оқытушының жұмысы барлық кәсіби көрсеткіштер бойынша 4,90 балдан жоғары бағаланды

Кәсіби көрсеткіштері жоғары ОПҚ

Аты жөні	Баллы	Кафедрасы
1 Арыстанова Шолпан Сабитовна	4,94	Музыкалық білім
2 Қарсыбаева Айман Мұсаевна	4,92	Музыкалық білім
3 Сакибекова Жанат Асқаровна	4,93	Музыкалық білім
4 Джоламанова Гүльсара Джалғасбаевна	5,0	Музыкалық білім
5 Смайлова Мая Сапабековна	5,0	Музыкалық білім
6 Омар Базарқұл Қалтайқызы	4,98	Қазақ тілі және әдебиет
7 Оразбаева Эльмира Бейсенбаевна	4,95	Қазақ тілі және әдебиет
8 Нарожная Валентина Дмитриевна	4,97	Орыс тілі және әдебиет
9 Исландиярова Айгуль Мадияровна	4,95	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру
10 Алимулова Гүльнара Балмағамбетовна	5,0	Биология
11 Ешимбетова Гүлмира Сарсенбаевна	4,92	Биология
12 Жайынбаева Салтанат Кеңесханқызы	4,91	Биология
13 Шертаева Найля Тұрдығалиевна	4,95	Химия
14 Қудайбергенова Ұлбосын Жаксылыковна	5,0	Мектепке дейінгі және арнайы педагогика
15 Сұлтанбекова Ақмарал Абилқасимовна	4,97	Мектепке дейінгі және арнайы педагогика
16 Найманбаев Бекмурат Рахимбердиевич	4,95	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер
17 Сатыбекова Эльмира Сұлтановна	4,95	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер
18 Елмуратова Аяұлы Сериковна	4,9	Бастауышта оқыту әдістемесі
19 Молдабек Құлақмет	5,0	Бастауышта оқыту әдістемесі
20 Орынбасарова Гүлжан Жаксымбетова	4,92	Әлем тарихы мен дінтану
21 Қадирбаева Роза Изтлеуовна	4,9	Математика
22 Рахашев Бақытғали Курманалиевич	4,99	Физика
23 Уалиханова Баян Сапарбековна	4,93	Физика

Жалпы ЖОО бойынша 25 оқытушының жұмысы барлық кәсіби көрсеткіштер бойынша 4,50 балдан төмен бағаланды

ОҚЫТУШЫЛАР			
№	Оқытушының аты-жөні	Орташа балла	Кафедрасы
1	Батезириова Шолпан Абутобаевна	4,16	Кәсіптік оқыту және бейнелеу опері
2	Миябаева Назира Қамсабековна	4,36	Кәсіптік оқыту және бейнелеу опері
3	Баймуссаева Бақытсулы Шериевна	4,48	Мектепке дейінгі және арнайы педагогика
4	Исмаинова Рабига Жолдасовна	4,41	Мектепке дейінгі және арнайы педагогика
5	Агулмқова Улжанат Айдаровна	4,45	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер
6	Бекмаинова Дариха Махановна	4,29	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер
7	Өтеп Гүлзахира Жақсылықовна	4,40	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер
8	Сатпадықова Балагүл Есенгелдиевна	4,41	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер
9	Тіптеубаева Гүлшамша Мезенова	4,28	Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер
10	Байымбетова Жүлмикулы Араиметовна	4,38	Бастауышта оқытудың әдістемесі
11	Айтай Бахадір Сатпабалиұлы	4,46	Әлем тарихы және дінтану
12	Алдабергелі Мүсілім Нұрмағамбетұлы	4,41	Әлем тарихы және дінтану
13	Рүзгания Татьяна Миколайовна	4,18	Әлем тарихы және дінтану
14	Досанова Мақпал Мұсабековна	4,45	Психология
15	Жарықасан Әлемі Ғалымжановна	4,38	Психология
16	Балшыбекова Сауле Жапыбаевна	4,43	Ағылшын тілі
17	Барисқұлов Руслан Дәусуллаевич	4,15	Ағылшын тілі
18	Қалмағамбетова Алтынай Ермәганбетовна	4,14	Ағылшын тілі
19	Гастанова Гулмира Жамбыбаевна	4,44	Ағылшын тілі
20	Исаханова Ләззат Тәжешовна	4,42	Шежел тілдері
21	Исмаинова Кюара Жаңадилова		Орыс тілі және әдебиет
22	Айдырбеков Қотжасар Дәсәсуллаевич	4,42	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру
23	Жұматаев Орпабек Қайратович	4,49	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру
24	Катешов Мали Дәуімбаевич	4,48	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру
25	Егеменбергеліева Маржан Нұбрайхановна	4,47	Математика
26	Нұбрайханов Расқұл	3,92	Математика

Зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсынымдар:

1. ОҚМПУ ОПҚ кәсіби сапасының жалпы көрсеткіші былтырғы көрсеткіштерді салыстыра отырып 4,71 балдан 4,67 балға төмендеген. Ұсыныстарды ескере жұмыс жасау қажет. ОПҚ - ның көпшілігінде көрсеткіштердің төмендеуінің негізгі тенденциясы, тиісінше, студенттердің пәндердің мазмұнына қызығушылығының болмауымен байланысты.

2. Жоғары оқу орнының ОПҚ үшін сабақтарда интерактивті тақталар мен ОТҚ-ны толық пайдалану мәселесі ортақ болып қала береді. Университеттің барлық аудиториялары технологиялық жабдықтармен жабдықталмаған. Университеттің үлкен аудиторияларында (317,307), тіпті тақталар болса да, көрсету мүмкін емес, өйткені компьютерлер вирус жұқтырған. Аудиториялардың ОТҚ-ны бақылау, Кәсіби антивирустық бағдарламалар қою қажет.

3. Зерттеу көрсеткендей, оқытушылар студенттерді болашақ мамандықта пән бойынша білімді қолдануға бағыттамайды. Оқу пәнінің бағытына қарамастан, ОПҚ студенттерді мұғалім мамандығы бойынша осы білімді алу қажеттілігіне бағыттауы керек.

4. Әрбір оқу пәні студенттерді ғылыми зерттеулерге, жобаларға қатысуға бағыттауы керек. Бұл тек мамандандыру пәндеріне ғана емес, барлық басқа (сервистік) пәндерге де қатысты. ЖОО ОПҚ-ның міндеті студенттерді ғылыми зерттеулерге, ғылыми олимпиадаларға қатысуға белсендіру.

5. Факультеттердің инспекциялық комиссиялары мен кафедра меңгерушілері бірлесіп, сауалнама нәтижесі бойынша кәсіби деңгейі 4,0 балдан төмен оқытушылардың сабағына қатысу ұйымдастырсын.

6. Декандар мен кафедра меңгерушілері ОПҚ жұмысын студенттердің бағалауының негізгі көрсеткіштеріне назар аударсын.

7. Кафедра меңгерушілері кафедра отырыстарында "Оқытушы студенттер көзімен" социологиялық сауалнамасы бойынша мәліметтерді талқылайды. Талқылау қорытындылары бойынша кафедралардың шешімдері 2023 жылғы ақпандағы кафедра отырысының хаттамаларында көрсетілсін.

"Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа көзқарасының» сауалнама нәтижесі туралы баяндама

2022-2023 оқу жылында 01.11.2022-01.12.2022ж аралығында «Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа көзқарасының» атты «Универ» жүйесінде электронды сауалнамасы өткізілді.

Зерттеу мақсаты: студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру; Оқу-білім беру процесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, болдырмау.

Жалпы 7106 респондент қатысты.

Сауалнама 8 сұрақтан құралған

1-сұрақ бойынша «ЖОО-да сыбайлас жемқорлықтың болуын қалай бағалайсыз» сауалнама респонденттердің 98,8% ЖОО-да сыбайлас жемқорлық көріністері жоқ екенін атап өтті.



2- сұрақ бойынша «Сіз біздің жоо-да сыбайлас жемқорлық жағдайға тап болдыңыз ба?» - 99,1% ЖОО-да сыбайлас жемқорлық жағдайларында болған жоқ.




3-сұрақ бойынша «Студенттер (топ старостасы) сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің бастамашысы болып табыла ма?» Сауалнама респонденттердің 98,9% студенттер (топ старостасы) сыбайлас жемқорлық әрекеттердің бастамашысы болып табылмайтынын атап өтті.




4 – сұрақ бойынша «Пән оқытушысы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің бастамашы бола ма» - 98,8% респонденттер пәндер бойынша оқытушылар сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің бастамашысы болып табылмайтынын атап өтті.




5-сұрақ бойынша «Студентті сыбайлас жемқорлық қатынастарға түсуге итермелейтін себеп мұғалімнің ашық пара алуы болып табыла ма» - 98,8%- респонденттер ЖОО оқытушылары тарапынан бопсалау фактілерінің жоқтығын атап өтті.



6-сұрақ бойынша «Студентті сыбайлас жемқорлыққа итермелейтін себеп-қанағаттанарлықсыз немесе 4 баллдан төмен рейтингтерден қорқу ма?»- Сауалнамаға жауап берушілердің 97%-дан астамы сессия үшін 4 баллдан төмен баға алудан қорқып, сыбайлас жемқорлыққа бармайды деп санайды.



7-сұрақ бойынша «Сіз ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлауға дайынсыз ба?» - Респонденттердің 99,1% - ы ықтимал сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайтынын көрсетті.



8-сұрақ бойынша «ЖОО қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділік деңгейін бағалаңыз» - Сауалнама респонденттердің 99,1% ЖОО қабылдайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділік деңгейін «жоғары» деп бағалады.



1. ЖОО-да сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша сауалнаманың барлық сұрақтары бойынша респонденттердің 99% - дан астамы теріс жауап берді.

2. Дегенмен, жастар белсенділері, комплаенс-офицер студенттерді әлеуметтік желілер арқылы сыбайлас жемқорлықтың заңсыз әрекет ретінде маңыздылығы туралы хабардар етуі керек.

3. Сыбайлас жемқорлық түрлері туралы хабарлау қажет: атап айтқанда, ақшалай сыйақы беру ғана емес, бқ және оқытушылардан кітап сатып алу.

4. Студенттерге ақшалай сыйақы ұсынатын адам сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне де жауапты екенін хабарлау маңызды.

5. Студенттерді сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің нақты фактілері бойынша, атап айтқанда, нақты оқытушыларға қатысты шаралар қабылдау және студенттердің құқықтарын қорғау туралы хабардар ету.

9.5 Қорытынды

Университет деңгейінде Сапа менеджменті жүйесінің жұмыстары ИСО 9001:2015 ХС баптарына және ЖОО-на қойылатын талаптарға сәйкес толық көлемінде жүргізіліп, университет бойынша барлық құрылымдық бөлімдер алдарына қойған мақсаттарға қол жеткізіп, ұдайы жақсарту жұмыстары университеттің саясатына сәйкес орындалды.

Ұсыныстар:

1. ОҚМПУ 2024-2029 жылдарға арналған даму стратегиясындағы мақсаттық индикаторлар бойынша университеттің ҚБ басшылары есептерін беріп, динамикасын зерттеп, даму жолдарын көрсету қажет.

2. Жыл сайын барлық құрылымдық бөлімдер қызметтік міндеттеріне қарай іс-құжаттарын қайта қарап, жаңа процедура әзірленсін;

3. Университеттің Сапа менеджменті жүйесі құжаттарын толықтырып, өзгерістерді енгізіп, жаңа нұсқалары қолданысқа енгізілсін

SWOT—талдау

S (strength) – күшті жақтары	W (weakness) – әлсіз жақтары
- ИСО 9001:2015 ХС талаптарына сай университеттің сапа менеджмент жүйесін және оның ұдайы жақсарып отыруын жұмыс барысында тиімді қолдану;	-жылдық сапа мақсаттары мен университеттің стратегиялық даму жоспарының мақсаттық индикатор-лар бойынша құрылым бөлім басшыларының

<p>- университет ұжымын ішкі құжатайналым актуализациялау үдерісіне белсенді түрде тарту; -негізгі үрдістер бойынша 2024-2029 жылдарға арналған ОҚМПУ стратегиялық даму жоспарын әзірлеу; -басшылық үдерісінің тиімді болу мақсатымен жыл сайын ИСО 9001:2015 ХС талаптарына сай ішкі және сыртқы аудит өткізу; -ИСО 9001:2015 ХС талаптарына сай университеттің сапа менеджмент жүйесін және оның ұдайы жақсарып отыруын жұмыс барысында тиімді қолдану; -аккредиттеу бойынша еуропалық стандарттар мен нұсқаулардың талаптарына сай аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу; -университет ұжымын ішкі құжатайналым актуализациялау үдерісіне белсенді түрде тарту; -білім беру бағдарламалар және дайындық бағыты бойынша ЖОО-ның арасында ұлттық және халықаралық рейтингісіне университеттің жыл сайын қатысуы; -негізгі үрдістер бойынша 2024-2029 жылдарға арналған ОҚМПУ стратегиялық даму жоспарын әзірлеу; -басшылық үдерісінің тиімді болу мақсатымен жыл сайын ИСО 9001:2015 ХС талаптарына сай ішкі және сыртқы аудит өткізу; -ОПҚ-ның конференцияларға қатысуы және конференция материалдарының жинағында мақалалардың жариялануы; -ОПҚ-ның пікір беруі (монографияға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, диссертациялық жұмыстарға, эксперт ретінде , оқу бағдарламасына, мектеп оқушыларының ғылыми жұмысына); -ОПҚ-ның инновациялық және ғылыми нәтижелерді оқу үрдісіне енгізуі (енгізу актілері бойынша).</p>	<p>есептерінде кері байланыс жоқ; -жылдық сапа мақсаттары мен университеттің стратегиялық даму жоспарының мақсаттық индикатор-лар бойынша құрылым бөлім басшыларының есептерінде кері байланыс жоқ; -әрбір құрылым бөлім басшылары өз үдерістерін жақсарту үшін мони-торингтік зерттеулердің нәтижесін пайдаланбайды.</p>
<p>О (opportunity) – мүмкіндіктері</p>	<p>T (threat) – қауіп-қатерлер</p>
<p>-университет қызметкерлерді “Ұлттық эксперт” деңгейінен “Халықаралық эксперт” деңгейі статусына көтеру; - Рейтингке қатысушы ЖОО арасындағы көшбасшылар үштігіне ену мақсатымен Республикалық және Халықаралық деңгейде университет статусы мен имиджін көтеру; -шетелдік аккредиттеу органымен мамандандырылған аккредиттеуді өткізу; -ОПҚ-ның ҚР білім беру қызметіне қатысуы (оқулықтар авторлары, мектептермен бірлесе жұмыс істеу, оқушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік жасау, олимпиадаларға әділқазылық ету, біліктілік көтеру).</p>	<p>-қаражат мәселесінің қиындай түсуіне байланысты әртүрлі Рейтингтерге қатыспауы; -ИСО 9001:2015ХС талаптарын орындамау себебінен сертификатты қайтарып алу; - қаражат мәселесінің қиындай түсуіне байланысты әртүрлі Рейтингтерге қатыспауы; -ИСО 9001:2015ХС талаптарын орындамау себебінен сертификатты қайтарып алу; -Аккредиттеу аясындағы еуропалық стандарттардың талаптарын орын-дамау себебінен Аккредиттеу туралы куәлігін қайтарып алу; -ғылыми дәрежелі оқытушы-профессорлардың рейтинг көрсеткіші төмен болуы.</p>

Университет бойынша қорытындылар мен ұсыныстар

Қорытындылар

1. 14.10.2022 ж. күнгі №197 «Егемен Қазақстан» газетінде бос қызмет орындарына жарияланған конкурс негізінде 10 басшылық құрамы және 51 оқытушы-профессорлық құрам жұмысқа қабылданды.
2. 2022-2023 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде барлығы 734 қызметкер жұмыс атқарды. Оның ішінде 428 профессор оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті 50,0 пайыз.
3. 2022-2023 оқу жылындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Ғылыми Кеңес құрамының саны 41, ректорат құрамының саны 40.
4. 2022-2023 оқу жылында университеттің 2 оқытушысы философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болды және 2 оқытушы «2022 жылғы Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы атанды.
5. Университеттің 235 профессор оқытушы құрамы біліктілік арттыру курстарынан өтіп, сертификаттарға ие болды.
6. Биылғы оқу жылындағы академиялық ұтқырлықтың басты ерекшелігі 2 шетелдік студенттің ОҚМПУ-да дипломалды практикадан өтуі, сонымен қатар, ОҚМПУ-дың Гази университетімен бірлесіп ERASMUS+ халықаралық бағдарламасына қатысып, грант иегері атануы болды.
7. Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамының әдеттегі сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығынан бөлек, биылғы оқу жылында алғаш рет 8 магистрант пен 12 докторанттың шетелдік ғылыми тағылымдамасы ұйымдастырылды.
8. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасының жылдық айналымы 11 студентті құрады. Оның ішінде ОҚМПУ-дың 10 студенті Түркияның Гази университетінде бір семестр бойы білім алып келсе, 1 магистрант Ресейдегі Солтүстік (Арктикалық) федералды университетінде қос дипломдық білім беру бағдарламасы аясында бір семестр бойы білім алды. Оған қоса, 7 студент Өзбекстандағы Ө. Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінде бір апта бойы дәрістерге қатысып, тәжірибе алмасып келді.
9. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасының жылдық айналымы 45 білім алушыны құрады. Қазақстанның әр түкпірінен, атап айтқанда, Алматы, Орал, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Қызылорда, Тараз, Түркістан қалаларынан келген студенттер ОҚМПУ-да бір семестр бойы білім алса, ОҚМПУ студенттері Ақтөбе қаласында білім алып, тәжірибе алмасып келді.
10. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен шет елден ғалымдар шақыру бойынша жалпы жылдық айналым – 6 оқытушы. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ПОҚ жалпы жылдық айналымы – 15 оқытушы.
11. 2022-2023 о.ж. халықаралық және отандық келісімшарттардың жалпы көлемі – 20 келісімшарт.
12. ОҚМПУ-дың шет елдік ЖОО-мен бірлесе жүргізіп жатқан қос дипломды білім беру бағдарламасының саны – 1 (алдағы уақытта Гази университеті мен Анкара университетімен бірлесіп тағы 2 қос дипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде).
13. ОҚМПУ-да ақысыз негізде ұйымдастырылған тілдік курстарда: Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының қолдауымен түрік тілі курсы жүргізіліп, қорытынды емтиханды сәтті тапсырған 15 ПОҚ пен 18 білім алушы сертификаттарға ие болды. Шымкент қаласы Тілдерді оқыту-әдістемелік орталығының қолдауымен профессор-оқытушылар құрамы үшін ағылшын тілі курсы жүргізіліп, 8 ПОҚ сертификаттарға ие болды.

14. 2022-2023 оқу жылында оқытушы-профессорлар құрамы жүргізілген оқу-әдістемелік жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жұмыс жасады. Педагогикалық шығармашылық және іс-әрекеттердің өздігінен іске асыру мақсатында әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылды. Кафедраның оқу-әдістемелік жұмыстары университеттің сапа менеджмент жүйесінің талаптарына сәйкес орындалды. Ғылыми-әдістемелік семинар үздіксіз жұмыс атқарып келді. Семинар отырысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде өткізілді.

15. Кафедра профессор-оқытушылар құрамы оқу-әдістемелік жұмыстарын 2022-2023 оқу жылының оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал, пән кешені, зертханалық, практикалық жұмыстардың әдістемелік нұсқаулары барлығы ережеге сай дайындалды.

16. 2022-2023 оқу жылында Тәрбие және әлеуметтік салада атқарылған жұмыстар ОҚМПУ-нің мерейлі 85 жылдығы аясындағы іс-шаралармен және салалық министрлікке қарасты департаменттердің тапсырмаларын орындау, мемлекеттік және қоғамдық мекемелермен біріккен тәрбиелік жұмыстарға ОҚМПУ студенттерінің көптеп қатыстырылуы есебінен жоспардан артық орындалды. Мысалы, факультеттердің тарапынан жоспарланған тәрбие бағытындағы 255 іс-шарасы 496 –ға жетіп, 241 іс-шара жоспардан тыс орындалды. Дегенмен олардың арасында өте сапалы орындалғандары да, кейбір кемшін тұстарымен атқарылғандары да кездесті. Жалпы алғанда «қанағаттанарлық» деңгейде деп бағалауға келеді. Тәрбиелік іс-шаралардың саны мен сапасының арта түсуі ұжымның бірлескен ортақ жұмыстарының нәтижесінде мүмкін болып отыр. Жалпы алғанда тәрбиелік және әлеуметтік салалар бойынша үлкен кемшіліктерге орын берілмеді. Ол жұмыстардың нәтижелігіне басшылықтың қолдауы, ЖОО құрылымдық өзгерістерге сай тәрбие бағытында аталған саланың жауапкершілігіне тікелей қатысты Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің құрылуы және ең бастысы ОПҚ мен жастардың білімі мен мәдениеттілік деңгейлерінің өзара ұштасуы мүмкіндік берді деп санаймыз.

17. Ғылымның өзекті, қазіргі таңда жоғары сұранысқа ие іргелі және қолданбалы бағыттарына сәйкес жобаларды тандауға басты назар аударылып, халықаралық, республикалық түрлі деңгейдегі гранттық жобаларға қатысудың белсенділігі артты.

18. Университет профессор-оқытушы құрамының Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен және Clarivate Analytics (WoS), Scopus базасындағы басылымдардағы жарияланым саны артты.

19. 2022-2023 оқу жылында кәсіптік практика «СМЖ ОҚМПУ Е 7.05-2022 ОҚМПУ білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыру мен өткізу ережесі» талаптарына сәйкес ұйымдастырылды.

20. 2022-2023 оқу жылында кәсіптік практиканы өткізуге арналған **648** келісім шарт **303** мекемемен жасалды, оның ішінде **108** мекемемен 3 жылға екі жақты келісім шарт, **195** мекемемен үш жақты келісім шарт тіркелді.

21. Екі жақты келісім шарттар **72** қала мектебі, және **5** жеке меншік мектеп, **17** бала-бақша және **14** басқа да мекемелермен, атап айтқанда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестерімен (4), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті (3), Шымкент қалалық тілдерді оқыту-әдістемелік орталығы, Оңалту орталығы, Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі, Ателье «Алия», Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-эмбебап кітапханасы, А.Асқаров атындағы дендросаябақ, Экология, өлкетану және туризм орталығымен түзілді.

22. 2022-2023 оқу жылында **3762** студент (2-4 курстар) Шымкент қаласындағы практика базаларында кәсіптік практикадан өтті.

23. Кәсіптік практика бойынша жалпы сұраныс хат негізінде келісім шарт **195** мекемемен жасалды. Түркістан облысы бойынша **153** және Шымкент қаласындағы **23** мекемеден студенттер педагогикалық практикадан өтуге сұраныс алып келді. Түркістан облысынан басқа **7** облыста студенттер педагогикалық практикадан өтті (Алматы облысының **7**, ал Жетісу облысының **3** жалпы орта білім беретін мекемелерімен келісім шарттар жасалды).

24. 2022-2023 оқу жылында 4 курс **1198** студенттің **21 пайызға** жуығы сұраныс хат негізінде (226 келісім шарт) педагогикалық практикадан өтуге жіберілді.

25. Білім және жоғары ғылым министрлігі талаптарына сәйкес педагогикалық практиканы инновациялық бағыттағы Назарбаев зияткерлік мектептерінде өткізу де қарастырылған. Соңғы бес оқу жылында **210** студент химия-биологиялық бағыттағы (**136 студент**) және физика-математикалық бағыттағы (**74 студент**) Назарбаев зияткерлік мектептерінде педагогикалық практикадан өтті. 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарында 70 жуық студенттер практикадан өтуге Назарбаев зияткерлік мектептеріне жіберілді.

26. Университет деңгейінде Сапа менеджменті жүйесінің жұмыстары ИСО 9001:2015 ХС баптарына және ЖОО-на қойылатын талаптарға сәйкес толық көлемінде жүргізіліп, университет бойынша барлық құрылымдық бөлімдер алдарына қойған мақсаттарға қол жеткізіп, ұдайы жақсарту жұмыстары университеттің саясатына сәйкес орындалды.

Ұсыныстар.

1. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жеке жұмыс жоспарларына сай орындалуы маман даярлаушы кафедра мәжілістерінде жылына кемінде 2 рет талқыланып, хаттамалануы тиіс.

2. Докторанттардың халықаралық рейтингтегі жоғары басылымдар мен нөлдік емес импакт-факторлы журналдарда мақала жариялауы ғылыми жетекшілері тарапынан қадағалануы тиіс.

3. Білім алушыларды Академиялық аттестаттау нәтижелері ЖООКББ-ге мерзімінде ұсынылуы тиіс. Магистратура мен докторантура бойынша үздік зерттеу жұмыстары нәтижелері ОҚМПУ оқу үдерісіне енгізілуі тиіс.

4. Робототехника және мехатроника, телекоммуникациялық байланыс желелердің өлшеу приборларымен жабдықталған STEM білім беруге бағытталған зертханалық кабинеттерді ашу. Виртуалды лаборатория ашу.

5. Музыкалық білім кафедрасына оқу процесіне қажетті келесі аспаптар алынса: Домбыра-50 дана, қыл қобыз-2 дана, баян (үш қатарлы, бес қатарлы)-9 дана, прима-4 дана, цифрлы пианино-тренажер-50 дана, цифрлы пианино-5 дана, midi-клавиатура-1 дана.

6. Студенттердің шығармашылық жұмыстарының нәтижелі болуына Музыкалық білім кафедрасына арнайы камералық зал жабдықталса, ішіне хорға арналған тепкішектер орнатылса, шағын музыкалық аппаратура қойылса.

7. Университетте студенттердің көбеюіне байланысты, қосымша спорт залдар мен ашық спорт алаңдары қажет.

8. «Тұмар» ғимаратының алдындағы ашық спорт алаңының төбесін жауып, киім ауыстыратын бөлмелер мен душ орнатылса сол ғимараттағы студенттерге дене шынықтыру сабақтарын өтуге мүмкіндік болар еді.

9. 2023-2024 оқу жылына 50 дана волейбол, 30 дана баскетбол, 50 дана футбол доптарымен қамтамасыз етілсе.

10. Спорт залдың, «Дәулет» ашық спорт алаңын күрделі жаңарту жасалынса.

11. Ағылшын тілі кафедрасын лингофонды кабинетпен және интерактивті тақтамен жабдықтау.

12. Жаңартылған білім беру бағдарламасында қосылған пәндер бойынша дәрісханаларды ашу және жабдықтау;

13. В.Н.Попова атындағы ономастика және тіл тарихы дәрісханасына дөңгелек столмен жабдықтау.

14. Дәрісханаларды қажетті техникалық құралдармен жабдықтау.

15. Оқытушы-профессорлар өздерінің пәндері бойынша авторлық бағдарламаларын (кемінде 72 сағат) жасап, мектеп мұғалімдері мен колледж, ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру.

16. Қайта даярлау курсына тындаушылар шақыру ісіне кафедра мүшелерін белсенді қатыстыру.

17. 2022-2023 оқу жылы көктемгі емтихан сессиясы нәтижелерін маман даярлаушы кафедралардың мәжілістерінде талқылау.
18. Көктемгі емтихан сессиясынан магистранттардың «қанағаттанарлықсыз» баға алу себептерін кафедралар тарапынан анықтау.
19. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына білім алушыларды қатыстыру, үлесін арттыру.
20. Университет ОПҚ сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына және халықаралық ғылыми тағлымдамаға қатыстыру жұмыстарын күшейту. Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында шетелдік сарапшылар мен оқытушы-профессорларды шақыру жұмыстарын жандандыру.
21. Университеттің стратегиялық серіктестерімен байланыстарды нығайту және бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру жұмыстарын ілгерлету.
22. Университет ОПҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ОПҚ үлесін арттыру.
23. Шығарылатын оқулықтар мен оқу құралдарының электронды тасымалдағыштар түрін электронды оқулықтар мен оқу құралдары етіп шығаруға университеттің білікті операторлары мен жетекші кәсіби мамандарын жұмылдыру жұмыстары жоспарланса және электронды оқулықтарды дайындау бағытында арнайы курстар ұйымдастырылса.
24. Онлайн курстарының бағдарламасын әзірлеу және ұйымдастыру, электронды ресурстарды әзірлеу, оны жүктеу, бойынша арнайы біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылса.
25. ОПҚ-ның баспадан шығаратын оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарына ISBN алу және университет баспасында тегін шығару жұмыстары қолға алынса.
26. Жалпы білім беретін орта мектептің пән оқытушыларымен әдістемелік семинарларды ұйымдастыру және өткізу іс-шарасына университет тарапынан арнайы қаржы бөлінсе.
27. Факультеттің ОПҚ оқу әдістемелік деңгейін көтеру және кеңес беру жұмыстары бойынша семинарлар мен тренингтер, шебер-сыныптар, арнайы курстар ұйымдастырылса.
28. Университет көлемінде (шет тілдерді аудару) аударма орталығы ашылса.
29. Республикалық деңгейде ЖАОК онлайн курстарын жасау әдістемесі жолға қойылса.
30. Кафедраларда оқытушы-профессорлардың жүргізілетін пәннің оқу-әдістемелік кешендерін талапқа сай толықтыру жұмыстары қолға алынса.
31. Оқытылатын пәндер бойынша видеолекциялар дайындау жұмыстары және университет сайтына ашық сабақтарды орналастыру жандандырылса.
32. Инновациялық педагогикалық әзірлемелерін оқу процесіне енгізу жұмыстары жандандырылса.
33. Дуальды оқыту элементтерімен оқу процесінде қолдану жұмыстары жетілдірілсе.
34. Баспадан шығарылатын оқу құралдар мен оқу-әдістемелік құралдарды оқу жылына біркелкі жоспарланса, яғни оқу жылының соңғы айына қалдырмауын ескеру керек.
35. Профессор-оқытушы құрамының зияткерлік меншік құқығын алу жұмыстарын күшейту.
36. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерциализациялау және мемлекеттік - жекеменшік серіктестік келісімдер жасау.
37. Стартап-офистер ашуды қолға алу.
38. Педагогикалық практика барысында оқушылардың ойлау қызметін жетілдірудің тәсілдерін зерттеп біліп, оларды қолдана білуге үйренуді одан әрі жандандыру.

39. Студенттердің ғылыми-педагогикалық зерттеулер, жобалар жүргізу дағдыларын әдістемелік пәндерде дамыту, педагогикалық практика барысында жүзеге асыруға мүмкіндік жасауда қолға алу.

40. Кәсіптік практика базаларына білім алушылардың жаппай жіберілуіне байланысты практика жетекшілері, педагог және психолог әдіскерлер жүктемесінің артуы, сонымен қатар практика базаларының барлық студенттерді орнықтыруы бойынша қиындықтар туғандығы анықталды. Сондықтан, кәсіптік практиканы өткізуді оңтайландыру мақсатында кәсіптік практика түрлерін академиялық кезеңмен қатар ұйымдастыруды қарастыру.

41. Педагогикалық практиканың (4 курстар үшін) өткізілу мерзімін қарастыру қажет, себебі практика мерзімінің соңғы аптасы мектепте 3-тоқсанның демалыс уақытына сәйкес келеді.

42. Педагогикалық практика бойынша практика базаларымен (мектептермен) келісім шарттар орнату орталықтан ұйымдастырылуын қарастыру қажет.

43. Түркістан облысы аудандарында жүргізілетін педагогикалық практика университет тарапынан қаржыландырылуын қарастыру қажет.

44. Практика мерзімін жоспарлауда практика базасының жұмыс жоспарына тура келуі қадағалау қажет.

45. Практикант-студенттердің өткізетін ашық сабақтарын университет тарабынан бейне сүйемелдеу, монтаждау жұмыстары бойынша қолдау жасау мүмкіндігін қарастыру.

46. Университет қабырғасында өтілетін педагогикалық оқу практикасын өткізуді жетілдіру үшін оқу-әдістемелік кабинеттер ашу, мультимедиялық құралдармен жабдықтауды қолға алу.

47. Докторантура бойынша маман даярлаушы кафедралар шетелдік білім мекемелерімен өзара жасасқан халықаралық ынтымақтастық келісімшарттары негізінде ұдайы байланыста болуы тиіс.

48. Зерттеу практикасының сапасын көтеру мақсатында ҚР ғылыми кітапханаларымен келісім жасалса докторанттар мен магистранттардың республикалық диссертациялық қорды пайдалануға мүмкіндігі болар еді.

49. ОҚМПУ 2024-2029 жылдарға арналған даму стратегиясындағы мақсаттық индикаторлар бойынша университеттің ҚБ басшылары есептерін беріп, динамикасын зерттеп, даму жолдарын көрсету қажет.

50. Жыл сайын барлық құрылымдық бөлімдер қызметтік міндеттеріне қарай іс-құжаттарын қайта қарап, жаңа процедура әзірленсін.

51. Университеттің Сапа менеджменті жүйесі құжаттарын толықтырып, өзгерістерді енгізіп, жаңа нұсқалары қолданысқа енгізілсін.